**АҚЫЛХАН ИБРАХИМОВ, ЖАМИЛ САДИРОВ**

# МУЗЫКА

**7-сыныпқа арналған оқулық**

Қайта өңделген және толықтырылған басылымы

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі баспаға ұсынған*

Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия
шығармашылық үйі
Ташкент – 2017

УЎК 372. 878 (075)
КБК 85.31.я 71
Н 32

**П і к і р  ж а з ғ а н д а р :**

**Г.Дадабаева** — Республикалық Білім беру орталығы "Музыка, өнер, еңбек тәрбиесі, денені жетілдіру және салауаттылық" бөлімінің бас әдіскері;

**Қ.Маъмиров** — Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор.

**Ғ.Мухиддинова** – Ташкент қаласы Үштөбе ауданындағы «Ором» атындағы 239-жалпы орта білім беретін мектептердің музыка мәдениеті пәні мұғалімі;

**З.Закирова** — Ташкент қаласы Юнусабад ауданындағы 17-жалпы орта білім беретін мектептердің музыка мәдениеті пәні мұғалімі.

**Ибрахимов Ақылхан, Садиров Жамил.**
Музыка: 7-сыныпқа арналған оқулық. Қайта өңделген және толықтырылған 3-басылымы. – Т.: Ғ.Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2017. – 160 б.

УЎК 372. 878 (075)
КБК 85.31.я 71

ISBN 978-9943-4917-7-9

**©А.Ибрахимов, Ж.Садиров**
**©Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2017**

# КІРІСПЕ

Қымбатты оқушылар! Тәуелсіздіктің арқасына көп ғасырлық саздық мұрамызға ұлттық-рухани құндылықтарымыз қатарында ерекше көңіл бөлініп отыр. Енді сендер де халқымыздың ғажайып, сан алуан және бірінен-бірі әдемі жергілікті саздық дәстүрлерінен, классикалық саздың асыл қазынасы болған мақам үлгілерінен рухани күш алып, рухи ләззаттану мүмкіндігіне ие болыңдар.

Бұл үшін сен өзіңде ән-күйдің қайнар көзі болған халық күй-әндері мен классикалық мақамдарын шын ықыласпен тыңдау мәдениетін, оларды өз дәрежесінде орындай алу дағдыларын жетілдіруің қажет. Сонда ғана сен дарынды ата-бабаларымыздың шығармашылығының арқасында ежелден жалғасып келе жатқан бай, көркем дәстүрлеріміз шежіресіне рухани байланысқан боласыңдар. Өйткені саз өнері халқымыздың бай руханиятының, жетілген рухының әуендеріндегі көркем сұлу көрінісі, сондай-ақ қазіргі күнде, жаңа, Ұлы Мемлекет жасампаздығы болған рух қуаты мен жан азығы.

Қадірлі оқушылар, қолдарыңдағы оқулық халқымыздың сондай көне, бірақ ешқашан ескірмейтін ғажайып әуендері жүрегіңнен орын алуына көмек береді, деген үміттеміз. Сонымен бірге сен әлем классикалық саз өнерінің үлгілерімен де таныс боласың.

Осы жақтарды толық зерттеу мақсатымен оқу жылымыздың бірінші тоқсанында Сұрхандария-Қашқадария, Бұхара-Самарқант, Хорезм және Ферғана-Ташкент мақам жолдарын меңгереміз; ал екінші тоқсанда Шашмақам, Хорезм мақамдары мен Ферғана-Ташкент мақам жолдарынан түсінік аламыз. Сондай-ақ үшінші тоқсанда әлем саздық өнері, ал төртінші тоқсанда заманауи Өзбекстан саздық өнерімен танысасың.

Сабақ барысында берілген тақырып бойынша әңгімелер жүргізіледі. Сондай-ақ, музыка тыңдау, дауысты сазына келтіру жаттығуларын орындау, ән шырқау сияқты қызмет түрлерінен де кең пайдаланылады.

Әрбір тоқсан соңында берілген музыкалық сөздік білім шеңберінді кеңейту үдерісінде септігін тигізуі мүмкін.

Оқулықтан тиімді пайдалану үшін төмендегі шартты белгілерді есіңде сақта:

⦿ — музыка тыңда.

▲ — дауысты келтіру жаттығулары.

△ — ән шырқау.

♫ — нотаға қарап шырқау.

📖 — өз бетіңше оқы

𝄞 — музыкалық сауат

?! — сұрақтар мен тапсырмалар

**ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ**

Өлеңін жазған *Абдулла Арипов*

Әнін жазған *Мүтәл (Мутаваккил) Бурханов*






Serquyosh, hur o‘lkam, elga baxt, najot,
Sen o‘zing do‘stlarga yo‘ldosh, mehribon!
Yashnagay to abad ilm-u fan, ijod,
Shuhrating porlasin toki bor jahon!

N a q a r o t :

Oltin bu vodiylar – jon O‘zbekiston,
Ajdodlar mardona ruhi senga yor!
Ulug‘ xalq qudrati jo‘sh urgan zamon,
Olamni mahliyo aylagan diyor!

Bag‘ri keng o‘zbekning o‘chmas iymoni,
Erkin, yosh avlodlar senga zo‘r qanot!
Istiqlol mash’ali, tinchlik posboni,
Haqsevar, ona yurt, mangu bo‘l obod!

N a q a r o t

# I ТОҚСАН

## ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ТӘСІЛДЕРІ

### 1-тақырып. СҰРХАНДАРИЯ – ҚАШҚАДАРИЯ МУЗЫКАЛЫҚ ТӘСІЛІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК



Сұрхандария-Қашқадария музыкасының тәсілі дегенде, ғасырлар бойы қалыптасқан еңбек жырлары, маусымды дәстүрлі әндері, шопандардың шығармашылығы, жыраулар өнері мен халық шығармашылығына жататын тағы басқа көптеген жыр мен аспапты күйлер ұғынылады. Айта кету қажет, музыкалық дәстүрлердің шығу тегі көне дәуірлерге байланысты болған, олар түрлі жағдайларда, халықтың тұрмыс-салтымен байланысты әдеттен тыс көріністерде, атап айтқанда, еңбек үдерістерінде, отбасында өткізілетін әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерде, бұқаралық серуен мен салтанаттарда туады.

Сұрхандария–Қашқадария аумағында тұратын жергілікті тұрғындар баяғы заманнан бері мал шаруашылығы және диқаншылық еңбегімен айналысып келеді. Сондықтан да бұл

жерлерде еңбек үдерістерімен байланысты жырлар мен шопан күйлері өте көп шығарылған. Бастапқыда дарынды тұлғалар (бір өзі немесе көпшіліктің қатысуымен) орындаған, кейін ел арасында ауыздан-ауызға өтіп, жаппайласқан еңбек әндері бізге дейін халық жадында және еңбектің қолданбалы тәжірибесі қызметінде сақталып келді. Бұдан тыс, маусымды дәстүрлер, бұқаралық мереке мен халық серуендерінің («Наурыз мерекесі», «Қызғалдақ серуені») әндері мен қол соғу-ойын жырлары және көптеген бұқаралық әннің күйлері өткен көне дәуірден біздің дәуірімізге мұра болып қалды.

Музыкалық мұраның үлкен бөлігі болған дастандарды бақшылар өз жады мен шығармашылығында сақтап, орындап келеді.

Сондай-ақ, Сұрхандария–Қашқадарияның дәстүрлі саздық аспаптары қатарында домбыра, қобыз, шопан найы, сыбызғы, шаңғобыз бен дабылдар (дойралар) ерте замандардан-ақ жергілікті тұрғындар арасында ардақталып, олармен сирек кездестін күйлер орындалып жатыр.



Домбыра аспабы Сұрхандария-Қашқадария жергілікті саздық өнерінде кең таралған саз аспаптарының бірі, бұл аспапты, әсіресе, бақшы мен шопандар сүйіп орындайды.

*Сұрхандария-Қашқадария музыка бағытындағы ән-күйлерден үлгілер тыңда:*

**ДО МАЖОР ЖИНАҒЫ (ТУЗУГИ)**



**Ән айту.**

**O‘ZBEKISTON – ONAJON**

Өлеңін жазған
*Қамбар Ата*

Әнін жазған
*Мұхамед Атажанов*






Yer, osmonning orasi,
Olamning eng sarasi,
Avlod meros Vatanim
Qadri baland bo‘stonim.

N a q a r o t:

Onajon O‘zbekiston,
Jonajon O‘zbekiston.

Saxovatli, fidokor,
Dunyoda eng baxtiyor.
Sodiqlikda bolangga
Tanilgansan olamga

Bir yoningda Jayhundir,
Bir yoningda Sayhundir.
Mehringdir nur tarami,
Bag'ring dillar oromi.

Oy husnda yetolmas,
Quyosh shaydo, ketolmas,
Ko'k toqingda yulduzlar,
Baxt taratar kunduzlar.

Himmati hayotga teng,
Insonparvar, bag'ri keng,
Onajon O'zbekiston,
Jonajon O'zbekiston.



## СҰРХАНДАРИЯ — ҚАШҚАДАРИЯ ДАСТАНШЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ

Дастан — әдеби-сазды туынды. Оның құрамында прозалық және поэзиялық әуен бөліктері болады, олар мазмұн жағынан өзара бірлеседі.

Сұрхандария-Қашқадария дастан орындаушыларын а қ ы н немесе б а қ ш ы деп атайды. Бақшылар өнерінде сөз шеберлігі, ән шырқау мен саз (домбыра) аспабы біріккен болады. Сондықтан бақшылар жырдың прозалық бөліктерін көркем сөзбен шебер әңгімелесе, өлең бөліктерін ән түрінде арнайы ішкі («буылған») дауыспен шырқайды, ал домбыраны сөзде сүйемелдеу үшін пайдаланады.

Дастандарды орындау маусымы негізінде кешкі күзде, ауыл тұрғындарының диқаншылықпен байланысты жиын-терім жұмыстары аяқталған соң басталып, ерте көктемге дейін жалғасады. Әдетте, бақшыларды жергілікті халық арнайы ұйымдастырған дастаншылық кешін өткізу үшін ауыл отбасыларының біріне шақырған. Сол отбасына махалла тұрғындары, көршіқоландар жиналып, бақшының дастан жырлауын тыңдаған. Мұндай кештер бірнеше күнге дейін созылып кетуі мүмкін

болған. Бұдан тыс, бақшыларды жанұялық мереке, той дәстүрлерін және басқа салтанаттарды өткізуге де шақырған.

Дастандарды жырлау тәртіп-ережелеріне қарай, ең алдымен, термелер айтылады.



*Шоберді Бақшы Балтаев*

Терме — бір жырдың орындалуынан алдын бақшы жырлайтын жыр, онда бақшы өзі білетін дастандарды қысқаша сипаттайды да тыңдаушыларға қарап «Қайсы дастанды жырлайын?» деп сұрайды. Тыңдаушылардың қалауы, олардың тілектері бойынша бақшы өзі білген жырлардың бірін жырлауды бастайды.

*“Гуроглы” немесе «Алпамыс» дастанынан үзінді тыңда.*

## QAY DOSTONDIN AYTAYIN

***Бақшы термесі***




Ax̧!
Ter-ma-ni qo'-yay-lik, ay-tay- lik dos-ton, ter-ma-ni
qo'-yay-lik, ay-tay-lik dos - ton, Qu-loq sol-sang
yi-g'il-gan qa-dir-don, Cham-bil bel-di kat-ta da-g'i a
da-ti, O- lam-ga mash-hur-dir Go'ro'g'li sul-ton,
o- lam-ga mash-hur-dir Go'r- o'g'- li sul- ton.
Go'r o'g'- li- dan ay- tay- lik- mi bir su- xan?
E ...

**Дауысты келтіру жаттығуларын орында.**

**а) Асықпай**



?! 1. «Узбекистон – онажон» әнінің басты тірек (тоника) пердесін анықта.

2. 6/8 такт өлшеміне қалай дирижёрлік жасау қажеттігін оң қол әрекетімен көрсетіп бер.

3. Төменде келтірген «Узбекистон – онажон» әнінің күй тізбегіне өлең сөздерін сәйкестендіріп жаз.

4. Жоғарыдағы нота мысалында қай дыбыстардың арасында жарты тон мен бүтін тондар келгендігін анықта.



5. Сұрхандария–Қашқадария музыка тәсілдері туралы айтып бер.

6. Сұрхандария–Қашқадария дәстүрлі саздық аспаптарын айтып бер.

7. Бақшылар жөнінде не білесің?

## 2-тақырып. БҰХАРА–САМАРҚАНТ МУЗЫКАЛЫҚ ТӘСІЛІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Бұхара–Самарқант музыкалық тәсілі деп, Бұхара мен Самарқант қалалары және облыстарының аумағында орнаған музыкалық дәстүрлер айтылады. Өңіріміздің ежелгі мәдениет ошақтары болып табылатын осы өлкелерде халық әндері мен өлеңдері, аспаптық күйлері, қол соғу ойын-жырлары, сондай-ақ кәсіби музыкаға тиісті дастаншылық, сазды аспап өнері мен мақам үлгілері кең орын алады.



Осы тәсілдің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі — екі тілділік, яғни өзбек және тәжік тілдері дәстүрінің жарқын көрінісі. Бұл жағдай сол жерде жасап, қызмет еткен көптеген ақындардың, солардың ішінде, Мужрим Обид, Абдулла Мулхам Бухари, Фитрати Зардози Самарқанди, Музниб Шавкати Каттақорғанилердің шығармашылығында, сондай-ақ екі тілде орындалып келе жатқан өзбек және тәжік халықтарының жоғары классикалық музыкасының үлгілері болған Шашмақам (Бұхара мақамдарында) жинақтарында өз көрінісін тапқан.

Екі тілділік дәстүр халық музыкасында өзгеше үлгілерде көрініс табады. Атап айтқанда, кейбір халық әндерін бір уақыттың өзінде әрі өзбек тілінде, әрі тәжік тілінде шырқауға болады. Әдетте, әннің шумақтары өзбек тілінде, ал қайырмасы тәжік тілінде, кейде керісінше болуы да ықтимал. Бұдан тыс, кейбір халық әндерін өзбек немесе тәжік тілінде орындауға болады. Сондай-ақ, тек бір тілде – не өзбек, не тәжік тілінде айтылатын халық әндері де кездеседі.

Халықтың күнделікті тіршілігінде, мереке, той-думандарында музыка маңызды орынға ие. Мәселен, көктем маусымымен байланысты «Гули сурх» халық дәстүрі мерекесінде әңдер шырқалған, «Қайрақ ойын», «Занг ойын» сынды бұхараша билер орындалған.

## "BALJUVON"

*халық күйі.*




**Дауысты келтіру жаттығулары.**



△ **Ән айту.**

## ЖАЗИРА ЖЕРІМ

Өлеңін жазған *Х.Әдібаев* Әнін жазған *Б.Жұманиязов*






Қ а й ы р м а с ы:

1. Кең далам, кең далам, тірегім,
   Саянда, саянда түледім.
   Сенімен, сенімен, туған жер
   Жастықтың жалыны, жазира тілегім

2. Үміт құсы шарықтап аспанымда,
   Қайрат құйды толқыған жас жаныма.
   «Отаным!» деп жан берген Әлиядай,
   Бір әнің боп қалайын дастанында.

Қ а й ы р м а с ы:

3. Сенімен мен бармын, туған елім,
   Сенімен байтақпын, асқар белім.
   Жігеріммен жайнатып жазиранды,
   Сеніменен құлпырдым, дарқан жерім.

Қ а й ы р м а с ы:

?! 1. Бұхара–Самарқант музыка тәсіліне қысқаша түсінік бер.
2. «Жазира жерім» әнін жаттап ал.

## 3-тақырып. МУЗЫКАНТТЫҚ ӨНЕР

Бұхара–Самарқант музыкалық тәсілінде музыка аспабында орындаушылық өнер де қалыптасқан, ол әйелдер шығармашылығымен тығыз байланысты. Музыкант – бұл жеке жыршы — ол қолында қайрақ немесе қоңырауша ұстап би билейді және ән шумақтарын айтады. Ал екі-үш әйелден құралған даңшылар тобы қайырмалармен сүйемелдеп тұрады. Демек, музыканттар тобында жалпы үш-төрт әйел – жеке саз аспабында ойнаушы музыкант, даңшы, қайырмаға қосылатындар қатысады.



Дәстүр бойынша, музыканттар топтары өз өнерін тек әйел-қыздар арасында өткізілетін жиын, той және түрлі мерекелерде көрсетеді. Олардың репертуары өзбек және тәжік тілінде болған көп бөлімді ойын-жыр шумақтарынан құралады. Сонымен бірге, жыр әндерін әрі өзбек тілінде, әрі тәжік тілінде шырқау дәстүрі бар. Әдетте саз аспабында орындаушы (музыкант) өз жырын салмақты, бірақ салтанаттылық рухымен суарылған «Туйлар муборак» әнімен бастайды. Соңыра жайлап жылдамдап баратын би-ойын жырлары бірінен соң бірі, тоқтаусыз орындала бастайды.

Даңшылар әрі қайырмалармен, әрі тәсілдермен сүйемелдеп тұрады, ал кейде шумақтар барысында екі түрлі түзіліске ие ырғақтарды өзара сәйкестендіріп орындайды.

## BO‘YI-BO‘YI

*Халық әні*

**Орташа**



▲ **Жыр.** 1. Жаттығулар



△ **САРЖАЙЛАУ**

Өлеңін жазған *М.Мақатаев*

Әнін жазған *Н. Тілендиев*






2. Армысың, ата қоныс, жасыл мекен,
Ұланыңмын, мен сенің қасыңда өтем.
Басқаның жерұйығын неғылайын,
Жерұйығы өзімнің қасымда екен!

Қ а й ы р м а с ы:

3. Жадырап, жұтайыншы тау самалын,
Осы еді ғой сағынып, аңсағаным.
Гүлдерім, шыршаларым, аршаларым,
Бәріңе арнап мен бүгін ән саламын.

Қ а й ы р м а с ы:

4. Жанымды жырға бөлеп, таң атырған,
Әнім едің ақ таңда жаратылған.
Төліңнен айналайын жаңа туған!
Айналайын еліңнен дара туған!

## ЭЙ НОЗАНИН

*Муқими ғазелі* *Халық күйі*






Ey, nozanin, ishqing bilan devonaman,
Oqshomlari uyqum kelmay to‘lg‘onaman.

Parilardek ochib yuzing, nihon bo‘lding,
Xudba-xudba rashkim kelib qizg‘onaman.

Кіші нота мысалында интервал түрлерін анықта. Құрметті оқушылар! Төменде келтірілген нота мысалындағы дыбыстардың интервалдық қатынастарын анықта. Ескертеміз: жай интервалдар төмендегідей атау және цифрлармен белгіленеді: прима–1, секунда–2, терсия–3, кварта–4, квинта–5, секста– 6, септима–7, октава–8.



?! 1. Бұхара музыканттар тобында кімдер қатысады?

2. Бұхара–Самарқант музыка тәсіліне тән сөздерде (атауларды) тап.

3. Төмендегі нота мысалдардың өлшемін анықта.



4. «Ей нозанин» әнінің дақ тәсілін анықта.



## 4-тақырып. ФЕРҒАНА–ТАШКЕНТ МУЗЫКАЛЫҚ ТӘСІЛІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Ферғана–Ташкент музыкалық тәсілі — Ферғана алқабы, Ташкент қаласы мен облыстарында қалыптасқан музыкалық дәстүрлердің кешені. Мұнда халық музыкасына жататын күй, терме, лапар, яллә, ән, өлең секілді жыр жанрлары, сондай-ақ, дастаншылық, өлеңшілік, мақамшылық сияқты кәсіби музыкалық дәстүрлер өз көрінісін тапқан.

Ферғана–Ташкент музыка тәсілінде балалар ауыз әдебиеті, әйел-қыздардың әншілік шығармашылығы, ялләшілік, өлеңшілік және аспапты күйлері лайықты орын алады. Атап айтқанда, осы тәсілдегі балалар ауыз әдебиеті саналатын, «Бойчечак», «Ёмғир ёғалоқ», «Лайлак келди», «Офтоб чиқди», «Чучвара қайнади», «Читтигул» секілді әндер тек осы өңірде ғана емес, сондай-ақ бүкіл елімізге әйгілі.

Әйел-қыздар арасындағы лапар мен ялләлар, той дәстүрлері «Ёр-ёр», «Келинсалом» және басқа ән үлгілері сүйіп орындалады.

Ферғана–Ташкент музыкалық тәсілінде «ірі өлең» (катта ашула) деп аталған өлең жолы да бар, оны түрлі бұқаралық жиын мен салтанаттарда, мереке дәстүрлерінде, отырыстарда және дәстүрлі шайхана мәжілістерінде хафыздар айтқан.

Ферғана–Ташкент аспапты музыкасында би күйлері де танымалды. Олардан «Дилхирож», «Андижон полькаси», «Фарғонача рез», «Танавор», «Катта ўйин» сияқты би күйлерін айтуға болады.



*Шахимардан*

## ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ

Ферғана–Ташкент музыка тәсілінде халық әндері маңызды орын алады. Бұл әндер терме, лапар, өн сияқты жырларға қарағанда дыбыс өрісінің кеңдігі және әуенділігі, тартымды үндерімен ерекшеленеді. Халық әндері саусақ ырғағында болған халық өлеңдері немесе аруз ырғағындағы классикалық поэзиялық негізде айтылады.

«Эй нозанин», «Танавор», «Ойдек тулибдур», «Фарзона», «Ул париваш» секілді халық әндерін тек хафыз әншілер ғана емес, сондай-ақ зиялылар, қолөнершілер, етікшілер және басқа кәсіп иелері де орындаған. Сонымен бірге, осы түрдегі әндер әйел-қыздар жағынан да «ішкеріде» шырқалған. Мәселен, «Чаман ичра», «Танавор»дың «Қора сочим» сынды ән жолдарын дутардың сүйемелдеуімен әйел-қыздар сүйіп орындаған.

Дәстүр бойынша, халық әндері түрлі жиындарда, мәжілістерде, той салт-дәстүрлері мен салтанаттарда орындалған. Ал шайханаларда әншілердің шығармашылық жарыстары да өткізілген.

Атақты өлең орындаушылардың қатарында Маматбаба Саттаров, Балтабой Ражабов, Эркақари Каримов, Ортиқхужа Имамхужаев, Расулқари Мамадалиев, Жорахан Султанов, Мамуржон Узоқов, Мукаррама Азизова, Зайнап Палванова, Мураджон Ахмедов, Таваккал Қодиров, Фаттақхон Мамадалиев, Арыфхан Хатамов сынды әйгілі өнерпаздардың есімдерін құрметпен тілге аламыз.

## TANAVOR I

*Халық әні*





△ **TOSHKENT SHAHRIM**

Өлеңін жазған *П.Момын* Әнін жазған *Н.Нархужаев*






Olinsa ham noming toshdan,
Mehring sening nur –
quyoshdan.
Salobatli qaddu basting,
Qardoshlikdan kulgan baxting.

Toshkent shahrim,
toshqin shahrim,
O‘zingdirsan yurak-bag‘rim.

Chaman nusxa yasangansan,
Saodatdan yashargansan.
Yulduz kabi charaqlaysan,
Baxtim bo‘lib yaraqlaysan.

Toshkent shahrim, toshqin
shahrim,
O‘zingdirsan yurak-bag‘rim.

Dong yoygansan tarixlarda,
Nomdorimsan ta’riflarda.
Paxtakorga shon shahrimsan,
Mehmondo‘stim,
non shah rimsan.
Toshkent shahrim, toshqin shahrim,
O‘zingdirsan yurak-bag‘rim

?! 1. “Танавор” әні қандай аспаптардың сүйемелдеуімен орындалады?
2. Ферғана–Ташкент музыкасы тәсілінде әйгілі әншілердің аттарын атап бер.
3. “Тошкен шахрим” әнінің өлеңін жаттап ал.

## 5-тақырып. ІРІ ӨЛЕҢ ЖӘНЕ ЯЛЛАШЫЛЫК ӨНЕРІ



*Жорахан Султанов*

Ірі өлең Ферғана—Ташкент музыкасы тәсілінің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі. Өйткені кәсіптік саз өнеріне жататын бұл музыка жанры басқа жергілікті жанрларда кездеспейді.

Ірі өлең — ірі көлемді және күй әуендері кең тынысқа болжамданған өлең, оны жеке хафыз-әнші немесе 2-4 ортақ тынысты хафыздар орындайды. Онда сүйемелдеуші саздық аспаптар пайдаланылмайды. Ірі өлеңдердің өлең негіздерін аруз ырғағындағы діни-фәлсафалық, ғашықтық-махаббат, кеңес-насихат сияқты тақырыптардағы поэзия (Лутфи, Саккоки, Навои, Муқими, Фурқат, Мискин, Хабиби және басқалардың) үлгілері құрайды. Бұл түрдегі өлеңдер нақышына келтірілген күйлерге ие болады да, әдетте, еркін ырғақ өлшем негізінде шырқалады. Бұл жанрдың «патнисаки өлең», «ликоби өлең» сияқты өзгеше аталулары белгілі, өйткені хафыздар өлең айтып жатқанда қолдарына патнис немесе тәрелке (ликоб) ұстап тұрады.

Болтабай хафыз, Хамрақұлқары, Маматбаба Саттаров, Акбарқари Хайдаров, Эркақари Каримов, Жорахан Султанов, Маъмуржан Узақов сияқты хафыздар ірі өлеңдердің шебер орындаушылары болған. Бұл өнер иелері шырқаған «Кўп эрди», «Бир келсун», «Эй, дилбари жононим», «Адашганман», «Дўстлар», «Ёввойи Чоргоҳ» сияқты ірі өлеңдер кең тыңдаушылар қауымына танымалды.

Кейінгі кездерде кейбір ірі өлеңдерді саздық аспаптардың сүйемелдеуімен орындау қолданбасы да қолдана бастады. Оған «Меҳнат аҳли», «Эй дилбари жононим», «Ўзбекистон» сияқты ірі өлеңдерді мысал ретінде атап өтуге болады. Сондай-ақ, ірі өлеңдерді арнайы саздық аспапта, мәселен, найда орындау дәстүрі де жүзеге келді. Бұл салада Исмаил найшы, Абдуқадыр найшы және Саиджон Калонов сияқты ұстаз өнер қайраткерлерінің қызметтері ерекше.

Ферғана–Ташкент музыкасы тәсілінде әйел-қыздардың шығармашылығы жемісті болған, олардың арасында, мәселен,

жақ-жақ болып лапар айтулар, түрлі әндерді шырқау, той салт-дәстүрінің жырлары болған жар-жар, келін сәлемі және басқа да өлеңдерді шырқау бұқаралық сипатқа ие болған. Бұлардың ішінде, әсіресе, яллалар сүйіп айтылатын.

Ялла – бұл шумақ-қайырмасы бар жыр, ол билеп жүріп шырқалады. Мұнда жеке яллашы даң (дойра) сүйемелдеуімен билей жүріп шумақтарды шырқаса, қайырмаларды ортаға түскен көпшілік қосылып айтады. Бұдан тыс, Бұхара–Самарқант музыканттары мен Хорезм халфаларының өнеріне жақын болған кәсіби яллашылар да болған, олар жеке күйде немесе топ түрінде шыққан.

Жеке күйдегі яллашы, әдетте, өз жырларында дутар немесе даң аспабымен сүйемелдейді. Ал яллашылар тобы 2-3 әйелден құралған болады да, тек даң сүйемелдеуімен шырқайды. Әйел-қыздар шеңберіндегі яллашылардың репертуары негізінен ән, лапар, ялла және той салт-дәстүрі жырларынан құралады.



## YALLAMA-YORIM

*Өзбек халық әлләсы*

**Орташа**




**Патнисаки өлеңдер жайлы ұғымдарды байыту.**

Ірі өлең жанры Ферғана–Ташкент мақам жолдарына, әсіресе, өлең жолдарының шарықтау шегіне айтарлықтай ықпалын тигізген. Сондай-ақ мұндай ықпал үдерісінде екі жанр да (ірі өлең+мақам) ерекшеліктерін өзінде ұштастырған жабайы мақам жанры да жүзеге келген еді. Мұнда Ферғана–Ташкент мақам өлең үлгілерін сүйемелдеуші аспаптарсыз, ірі өлеңге сәйкес еркіті тәсілде айтылу көзделеді. Сондықтан «жабайы мақам» деген сөз «тәсілсіз мақам» мағынасында да қолданылады. Соған орай, мысалы, «Ушшоқ» өлең жолының тәсілсіз (ірі өлең тәсілінде) орындалуы «Жабайы Ушшоқ», сондай-ақ «Чоргох» жолы — «Жабайы Чоргох» болып аталады. Кейде «Жабайы» сөзінің орнына «Патнисаки мақам» түсінігі

де қолданылады, яғни «Патнисаки Чоргох», «Патнисаки Баёт» сияқты. Бұл ұғымдағы «патнис» сөзінің қолданылуы да ірі өлең тәсіліндегі орындауды меңзейді. «Жабайы мақамдарда» Лутфи, Саккоки, Науаи, Мұқими, Фурқат, Мискин, Хабиби және басқа классик ақындардың аруз ырғақты поэзия үлгілері қолданылады.

**ЕЛІМ-АЙ**

*(Қазақтың халық әні)*




2. Қарындастан айырылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді,
Елім-ай, елім-ай!

3. Мына заман қай заман? Қысқан заман.
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Елім-елім-ай!

4. Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.
Елім-ай, елім-ай!

5. Бауырынан айырылған жаман екен,
Күн бар ма екен көрісер есен-аман!
Елім-ай, елім-ай!

?! 1. Ірі өлең аттарын анықта:
Жабайы Чоргох, Ей дилбари жононим, Бир келсун, Гули сурх, Зирафканд, Гулузорим, Савти Чоргох.
2. Яллышылык өнерінде қандай өлеңдер жырланады?
3. Ірі өлең қай музыкалық тәсілге тән?
4. «Тошкент шахрим» әнінің әуен-пернелеріндегі жарты тон мен бүтін тон аралық дыбыстар қалай анықталады?
5. Әннің қайырмасы мен үш шумақ өлеңін жаттап ал.
6. Төмендегі нота созылымдарының өлшем санағын анықта және оларды қол соғу жолымен (есепке сәйкес) көрсет:



7. Төмендегі торкөздерде орналасқан әріптерді өзара біріктіру арқылы атауларды тап.

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| S | A | M | A | R | Q | A | N | D |
| S | S | O | Z | D | O‘ | M | B | I |
| I | D | N | A | Y | A | N | A | R |
| B | A | Q | O | R | Q | A | Y | Y |
| I | D | O | S | T | O | N | K | U |
| Z | Q | A | R | S | A | K | S | A |
| I | O‘ | Y | I | N | R | A | Q | R |
| Q | Q | O‘ | SH | I | Q | D | O | I |

## 6-тақырып. ХОРЕЗМ МУЗЫКАСЫ ТӘСІЛІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Хорезм музыкасы тәсілі осы алқаптағы халық әндері мен лапарларынан, түрлі салт-дәстүр, тамаша мен ойын-би күйлерінен және дастаншылық, өлеңшілік әрі мақам өнері секілді кәсіби музыкалық дәстүрлерінен құралады. Өзбек музыкасының құрамдас бөлігі болған Хорезм музыкасы қазіргі уақытта өзгеше сипатқа ие, оның белгілі дәрежеде түрікмен және әзербайжан музыкасына жақындық жақтары да бар.

Хорезм музыкасы тәсілінің өзіне тәндігі оның дәстүрлі аспаптарында да көрінеді. Мысалы, буламан үрлемелі — үрлеп ойнау аспабы осы тәсілде кең қолданылады. Ол басқа жергілікті тәсілдер үшін тән емес. Буламан – тұт ағашынан жасалған кішкентай сырнай пішініндегі аспап, онда жеке күйде және топ құрамында ойнауға болады.

Хорезмде Кавказдың әйгілі ішекті аспабы да кең таралған. XIX ғасырдың соңынан бастап «гармонь» аспабы да қолданыла бастады. Оны «саз» деп атайды. Бұдан тыс, Хорезм музыкасы қолданбасында дерлік барлық өзбек халық аспаптары (дутар, танбур, ғижжак, най, қоснай және басқалар) қолданған жағдайда домбыра аспабы кем кездеседі.

Хорезм музыкасы тәсілінде би, жалпы алғанда, ойын қимылдарымен байланысты аспаптық күйлер ерекше орын алады. Ойын-би күйлерін бірнеше түрге бөлуге болады:

1. *Халық арасында көпшілікке кең тараған билер.* Олардың негізін «Лазги», «Ганжи Қорабоғ», «Уфори» сияқты күйлер құрайды.

2. *Арқан бойымен жүретін өнердің ойын күйлері.* Оларға «Елпазаланди», «Уфори Елпазаланди» тәрізді күйлер енеді.

3. *Күлдіргіш пен масқарапаздардың (сайқымазақтардың) ойнау күйлері.* Бұл күйлерге «Чоғоллоқ», «Аз-аз», «Аз-азнинг тези», «Хоразмча», «Юз бир», «От эрони», «Сурнай йули» сияқты үлгілер жатады.

Хорезмнің би және ойын күйлері бұқаралық мерекелерде, серуендерде орындалады. Ал өткен заманда Хиуа хандығында өткізілген Халық серуені күндерінде «Хатарли уйин» атты жиынтық мазмұнында да көрсетілген. «Хатарли уйин»да үй құстары мен жануарларының қимылдары (мәселен, «От уйин», «Тустовуқ уйин», «Каптар» т.б.) және «Олма териш», «Кампир»,

«Кукнори» сияқты тұрмыстық сахналар музыканың сүйемелдеуімен күлдіргі әрекеттер арқылы бейнеленген.

## XORAZM LAZGISI

*Халық күйі*




## SHODIYONA

*Өлеңін жазған Нұрмухамед Исраилов* *Халық күйі*




ku - yi - miz, Yur- tim - da sho-
di - yo - na, Se- vin-chi -miz, dos - ton - dir,
Tin - chi - miz hur, za - mon - dir,
shod-li - gi - miz dos - ton- dir, Tin -chi -miz hur
8
za -mod - dir
Hey! O‘ - g‘il qiz - lar
o‘y - nagn shox, kuy -lang sho‘x
Dil- da g‘am -ga o‘ - rin yo‘q, Hus -ni a’ - lo
gul di - yor, Bax-ting kuy -lab qo‘l - da tor,
4
Bax- ting kuy -lab qo‘l -da tor
Dil - da shod - lik, til - da qo‘- shiq


kuy -lay -miz yo - na, yo - na, Bay- ra- mo-na
ku - yi - miz, Yur - tim - da sho-
di - yo - na, Se- vin-chi-miz, dos - ton - dir,
Tin - chi - miz hur, za - mon - dir,
shod-li - gi - miz dos - ton - dir, Tin -chi -miz hur
za - mon - dir. Hey!
Zar - qu - yosh - ga teng biz - ning
bo‘ -yi - miz. Yurt -da bu -kun
to - yi miz, Do - im se - vinch
kuch - ga to‘l. Ti - la - gi- miz o - mon bo‘l,
O - na va-tan o - mon bo‘l!




N a q a r o t:

Dilda shodlik, tilda qo‘shiq,
Kuylaymiz yona-yona,
Bayramona kuyimiz,
Yurtimda shodiyona.
Sevinchimiz dostondir,
Tinchligimiz – hur zamondir.
Shodligimiz dostondir,
Tinchligimiz – hur zamondir.

1. Hey!
O‘g‘il-qizlar o‘ynang
sho‘x kuylang sho‘x,
Dilda g‘amga o‘rin yo‘q,
Husni a’lo hurdiyor, Baxting
kulab qo‘lda tor!

2. Hey!
Zar quyoshga teng bizni bo‘yimiz,
Yurtda bu kun to‘yimiz,
Doim sevinch kuchga to‘l,
Tilagimiz omon bo‘l
Ona vatan omon bo‘l!

?! 1.Қандай би күйлерін білесің? Аттарын айт.
2. «Шодиёна» әнінің күй-әуендерінде қолданған интервалдарды анықта, даң тәсілін «бум-бак» арқылы көрсет.
3. Соль нотасынан жоғарыға қарай мажор дыбыс қатарын түз.

## 7-тақырып. ХОРЕЗМНІҢ ДАСТАНШЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ

Хорезм дастаншылық мектебі өз дәстүрлеріне ие, оның басқа жергілікті дастаншылық мектептерінен (мысалы, Сұрхандария—Қашқадария дастаншылық дәстүрлерінен) өзгеше жақтары бар. Бұл өзгешеліктер, негізінен, төмендегілерден құралады:


*Бала бақшы Абдуллаев*

а) Хорезм дастандары (ішкі) «булыққан» дауыспен емес, сондай-ақ «ашық дауыс» тәсілінде сарынды сезіммен айтылады.

ә) Көптеген жергілікті дастаншылық мектептерінде домбыра аспабы сүйемелдеу аспабы ретінде қолданылса, Хорезм дастаншылығында дутарды пайдаланады. Сондай-ақ дастанның жырында орындаушылар тобы қатысады. Мұнда ұстаз-бақшы дутар, тари немесе рубабта ойнаса, ал қалғандары ғижжак, буламан, кейде даң аспаптарымен сүйемелдеп тұрады.

б) Хорезм дастандарының репертуары, негізінен, «Ошиқ Ғариб ва Шохсанам», «Гуруғли», «Кунтуғмиш», «Бозиргон», «Ошиқ Ойдин» сияқты дастандардан құралады. Бірақ Хорезм дастаншылығында қаһармандық дастанына жататын «Алпамыс» үлгісі кездеспейді.

Хорезм дастаншылығының ірі тұлғалары қатарында Ахмад бақшы, Бала бақшы, Разимбек Мурадов, Қаландар бақшылардың есімін атаған жөн.

Хорезм музыкасы тәсілі шеңберінде дастандарды гармоньда орындау дәстүрі де болған, мұнда дастандар бір бүтін тұтас түрде емес, сондай-ақ одан алынған үзінділер мен термелер айтылады.

Хорезмде бұл түрдегі орындаушыларды гармоньшы, яғни Құрбан гармоньшы, Қадир гармоньшы деп атайды.

***«Гуруғлы» дастанынан «Овозинг сени» жырын тыңда.***

**OVOZING SENI**






O‘g‘lim ketib sulton boshim xor o‘ldi,
O‘g‘limni ko‘rmakka ko‘nglim zor o‘ldi,
Yig‘lamoqdin ikki ko‘zim ko‘r bo‘ldi,
O‘g‘lima o‘xshaydi ovozing seni,
Bolama o‘xshaydi nolishing seni.

## ONA TILIM – O‘ZBEK TILIM

Өлеңін жазған *П.Момын* Әнін жазған *Ф.Алимов*

**Орташа қарқынмен**




Sen-dan top-dim bax-tu iq- bol,
Mak-ta- bing-da ol- dim ta’-lim, mak-ta-bing-da
ol-dim ta’-lim o - na ti- lim o - na ti - lim
o —na ti —lim o—na ti — lim
Na- vo- iy- dan me-ro- sim- san
ja- rang-la-gan o-vo - zim- san,
Yu-ra — gim-da zav-qim lim-lim,
O- na ti- lim — o‘z- bek ti-lim


Yas -sa-viy-ning xi-to — bi-san, Qo-di — riy- lar
ki- to- bi-san, ey o‘-zim-ning mus-ta- qi-lim,
o- na ti- lim — o- na ti- lim
O- na ti- lim —o- na ti- lim.
Сен-дан а- ён ўз- бек- ли-гим yax-shi-lar-ga
ko‘z-dek - li- gim, ber-ding o-dob, ber-ding bi-lim
O‘z-bek ti-lim o-na ti-lim
O‘z-bek ti- lim o- na ti-lim

Tilim chiqqan so‘zing bilan,
Dilim ravshan o‘zing bilan.
Faxr etadur xalqim-elim,
O‘zbek tilim – ona tilim.

Yagonasan Vatan misol,
Sendan topdim baxt-u iqbol.
Maktabingda oldim ta’lim,
Ona tilim – ona tilim.

Juda qadim – sharqonasan,
Asli zoti turkonasan.
Sen tufayli to‘ldi aqlim,
Ona tilim – ona tilim.

Navoiydan merosimsan,
Jaranglagan ovozimsan.
Yuragimda zavqim lim-lim,
O‘zbek tilim – ona tilim.

Yassaviyning xitobisan,
Qodiriylar kitobisan.
Ey o‘zimning mustaqilim,
Ona tilim – ona tilim.

Sendan ayon o‘zbekligim,
Yaxshilarga ko‘zdekligim.
Berding odob, berding bilim,
O‘zbek tilim – ona tilim.

**Ферғана–Ташкент музыкасы тәсілінен Хорезм музыка орындаушылық әдісін айыру.**

Ферғана–Ташкент музыкасы қолдануында дерлік барлық халық саз аспаптары, атап айтқанда, дутар, танбур, рубаб, чанг, сато, ғижжак, най, қоснай, сырнай, керней, даң, даңғыра және басқа саз аспаптарын көру мүмкін. Бұл саз аспаптары жағдайға қарай, жеке немесе топ түрінде болады. Сонымен қатар бұқаралық мереке, халық салтанаттары мен той дәстүрлерінде сырнай, керней, даңғыра мен даңдардан құралған топ үндері жаңғырса, ал үй-бөлме жағдайларында үні біраз жұмсағырақ саз аспаптары — дутар, танбур, ғижжак, қоснай және басқалар қолданылады. Өлең айтушы хафыздар көбінше дутар мен танбур сүйемелдеуін қолданады.

Хорезм музыкасы тәсілінде де осы сияқты саз аспаптарымен бірге тағы буламан, гармонь және кавказ тариы көп пайдаланылады. Атап айтқанда, халфалардың алуан түрлі жырларына гармонь аспабы сүйемелдеу ретінде қолданылады. Ал тари саз аспабы мақам, сувора және дастандарды орындаушылықта сүйемелдеуші саз аспаптары ішінде жетекші орында тұрады. Сонымен бірге буламан, гармонь және тари сөздері әр түрлі топтар құрамында да қолданылады.

## 8-тақырып. ХОРЕЗМНІҢ ӨЛЕҢШІЛІК ӨНЕРІ



*Мадрахим Шерози.*

Хорезмде әншілік өнері кең дамыған, өлеңшілерді халық арасында көбінесе «гоянда» деп атайды. Өлең жанрының маңызды жақтары сонда, ол, негізінен, классикалық поэзия үлгілеріне негізделеді. Ал күй-әуендері ән мен лапарларға қарағанда кең дамыған, оның дауыс көлемі (диапазоны) бір октава және одан артық болады.

Хорезмде «Сувора» деген атпен әйгілі де танымал өлең топтары бар. «Сувора» сөзі парсы-тәжікше, ол «атты» деген мағынаны білдіреді. Ұстаздар "Сувора" өлең жолдарын «ат тұяғынан пайда болатын әр түрлі ырғақтық құрылымдағы тәсілдер мен оларға негізделген күйлерді" сипаттайды, деп атап өтеді.

Хорезм «Суворалары» Науаи, Машраб, Надира, Агахи, Мунис, Аваз Утар, Бедил сынды ақындардың өлеңдері негізінде айтылады.

Хорезмде «Сувора» орындаушыларының дидалишма немесе дидалашма деп аталатын, өзіне тән байқаулары өткізіліп тұрады. Мұндай байқауға қатысқан бірнеше өлеңшінің әрқайсысы бастапқы (бірінші) әнші ұсынған өлең күйі негізіне жаңа өлеңдер байланыстырып, кезектесіп шырқайды. Бұл шығармашылық міндетті жоғары шеберлікпен орындаған өлеңші дидалишма байқауында жеңімпаз болып шығады.

«Сувораның» атақты орындаушылары қатарында Хажихан Балтаев, Мадрахим Яқубов (Шерози), Камилжан Атаниязов, Атажан Худайшукуров рәуіштес орындаушылардың есімі ерекше құрметпен тілге алынады.

Хорезмдегі «Сувора» өлең жолдарының екі тобы әйгілі болған, олар төмендегіше аталады:

1. Он екі Суворадан тұратын *Савти Суворалар тобы.* Бұл топтағы әрбір «Сувора» рим цифрларымен белгіленеді. Мәселен, Савти Сувора I, Савти Сувора II, Савти Сувора III, Савти Сувора IV, Савти Сувора V, т.с.с. Осы топтағы барлық Суворалар 6/8 өлшем ырғағындағы дaң тәсілдерімен орындалады.

2. Сувораның тағы бір тобын *ірі түрдегі Суворалар* кешені құрайды. Бұл Суворалар құрамындағы әрбір Сувoралардың арнайы аты бар, олар Сувора, Чапандози Сувора, Якпарда Сувора, Хушпарда Сувора, Кажханг Сувора деп аталады. Бұл Сувораларда 6/8, 3/4, 3/8 ырғақ өлшемдері және оларға сәйкес даң тәсілдері қолданылады.

*«Савти Сувора I » ді тыңда.*

**«Қалабанди» күйін ноталар бойынша (салмақты қарқында) шырқа.**

**QALABANDI**

**Орташа жылдам** *Өзбек халық күйі*



?! 1.Ферғана — Ташкент музыка тәсілі туралы не білесің?
2. Ірі өлең туралы жалпы түсінік бер.
3. Хорезм музыка тәсілдері туралы түсіндіріп бер.
4. Хорезм халық билерінің аттары қандай?
5. Хорезм дастаншылық мектебінің өзіне тән жақтарын сипаттап бер.
6. Ферғана—Ташкент аспаптық музыкасы туралы не білесің?

# II ТОҚСАН

## МАҚАМДАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

### 1-тақырып. МАҚАМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК. ШАШМАҚАМ

Мақам өнері өзінің көп ғасырлық тарихына ие. Бұл түрдегі музыкалық өнер ұрпақтан ұрпаққа, «ұстаз–шәкірт» дәстүрі арқылы мұра болып келген кәсіптік музыканың (соның ішінде, «ұстаздық» музыканың) жоғары үлгісі болып табылады. Ал кәсіби музыканың алғашқы қалыптасуында бастапқыда «сарай мәдениетінің» маңызды орны бар еді. Себебі бастапқы дәуірлерде халықтың ішінен жетіліп шыққан қабілетті музыканттар хан сарайында (немесе шенеуніктердің үйінде) музыкант болып қызмет ету үшін шақырылатын. Осындай кезең мен жағдайлар жүзеге келген дәуірлерден бастап кәсіби музыка қалыптаса бастаған. Демек, өткен дәуірде мақам өнерімен негізінен кәсіптік музыканттар (сазгер, кәсіптік саз аспабында орындаушы, кәсіптік ән шырқаушылар) арнайы айналысып, тіршілік еткен.

«Мақам» сөзінің негізі араб тілінен алынған, көп мағыналарын, соның ішінде «орын», «жай», «дәреже», «мәртебе», «мекен-жай» деген ұғымдарды аңғартады. Ал музыкада бастапқы саз аспаптарында дыбыс шығаратын жай» (И.Ражабов)[1], яғни перне мағынасына байланысты. Бұдан көптеген мазмұн жақтары да осы пернелерге тікелей байланысады: мақам — жетілген пернелер бірлестігі және даң (дойра) тәсілдерінің бірігуімен жаратылған аспап күйі мен өлеңдер жинағы.

Қазіргі таңда Өзбекстанда мақамдардың үш негізгі түрі бар. Олар төмендегіше аталады:

1. Шашмақам.
2. Хорезм мақамдары.
3. Ферғана–Ташкент мақам бағыты.

Шашмақам — бұл Алты мақам дегенді білдіреді, ол төмендегі мақамдардан құралады:

I. Бузрук — мағынасы «үлкен», «ұлы», «жоғары»;

II. Рост — мағынасы «дұрыс», «шын», «шынайы»;

III. Наво — мағынасы «күй», «мұңды күй»;

[1]Ражабов И. Мақамдар. — Ташкент, 2006. 63-бет

IV. Дугоҳ — мағынасы «екі орын», «екі жай», «екі перне» (әуен);

V. Сегоҳ — мағынасы «үш орын», «үш жай», «үш перне» (әуен);

VI. Ироқ — мағынасы осылай аталатын араб мемлекетіне қатысты берілген.

Шашмақам XVIII ғасырдың ортасында Бұхарадағы кәсіптік музыканттар мен музыка зерттеуші ғалымдар Алты мақамнан құралған жинақ түрінде сипаттаған еді. Мұнда алты түрлі жетілген перне-жинақтар бірлесуі басты қозғаушы күш ретінде алынып олардың белгілі бір даң тәсілдерімен бірігуі негізінде жаратылған саз күйі мен жыр жолдары жеке-жеке топтарға біріккен. Демек, Шашмақам, алдымен, алты жетілген пернелер бірлестігін аңғартады екен. Ал мақамдардың аспаптық күйі мен жыр (өлең) топтары осындай жетілген пернелердің белгілі даң тәсілдерімен бірігуі нәтижесінде жүзеге келеді.

Шашмақамдағы әрбір мақам екі ірі бөлімнен — аспапты және жыр (өлең) жолдарынан (жиынтықтарынан) құралған, оларды «ұстаз—шәкірт» дәстүрлі мектебінде оқыған, тәжірибелі кәсіптік музыкант пен өлеңші-хафыз ғана айта алады.

Мақамдарды бес сызықты нота жүйесі негізінде жазып алу жұмыстары XX ғасыр барысында бірнеше рет жүзеге асырылды. Сондай-ақ, танымал сазгер әрі этнограф В.А. Успенский (1879—1949) XX ғасырдың 20 жылдары Бұхарада мақамшы ұстаздар хафыз Ата Жалал Насиров пен танбуршы Ата Ғияс Абдуғанилердің орындауында сәулетті Алты мақам жүйесін тұңғыш рет нота жазуында қағазға түсірді. Сонымен қатар академик Юнус Ражаби (1897—1976) де Алты мақам жүйесін екі рет, яғни 50 және 60—70 жылдар барысында нота жазуларымен баспадан шығарды.

*Шашмақамнан үлгілер тыңда.*

**SAMOI DUGOH**





△ **«Савти Калон Соқийномаси» мақам жырын үш байт ғазел негізінде (мәтінге қарап) шырқа.**

SAVTI KALON SOQIYNOMASI

*Бабур* ғазелі *«Рост»* мақамынан

**М.М. ♩ =108**




Kel- tur- sa yuz ba- lo- ni o‘- shal
be- va- fo men- ga, Kel- sun, a-gar yu-zum-
ni e-vur- sam ba- lo men-ga.
Net-gay- men ul ra-fiq bi- la- kim qi- lur ba-se,
Meh- ru va- fo ra- qib- g‘a, jav-
ru ja- fo men-ga. Be- go- na bo‘l-sa
aql me-ni tel- ba-din ne tong,
Chun bo‘l- di ul pa- ri - si- fa- tim
o- shi- no men- ga.


ШАШМАҚАМ
(АЛТЫ МАҚАМ)
1. БУЗРУК МАҚАМЫ
2. РОСТ МАҚАМЫ
3. НАВО МАҚАМЫ
4. ДУГОХ МАҚАМЫ
5. СЕГОХ МАҚАМЫ
6. ИРАҚ МАҚАМЫ

## АЛТЫ МАҚАМ ЖАЙЫНДА

Шашмақам жиынтығындағы әрбір мақам екі ірі бөлім — мушкилот (аспап) және наср (өлең) бөлімдерінен құралуы туралы мәліметке иесің. Қосымша ретінде тағы төмендегілерді біліп алуың мүмкін.

Мақамдардың жыр (өлең) бөлімінен орын алған Сарахдар, Талқин, Наср мен Уфар атты өлең жолдарын орындау әрбір орындаушыдан жыр өнерінің күрделі және жетілген үлгілерін көрсетуді талап етеді. Ал бұған қол жеткізу үшін музыкалық білім алудың «ұстаз-шәкірт» дәстүрі қолданылып келінген. Осы дәстүр бойынша, мақамшы ұстаз өз өнерін үйрету және осы арқылы мұра қалдыру жолында өзіне қабілетті шәкірт таңдаған. Шәкірт ұстаздың өлеңшілік саласындағы шеберлігін көп жылдар (7—10, тіптен 10—15 жыл) барысында басқыштармен игеріп отырған. Бұл үдерісте нота жазуларына онша мән берілмеген, шәкірттер ұстаздарының үлгілі орындауларын негізінен «тыңдап, ұғынумен» естерінде сақтаған да арнаулы жаттығулар арқылы оларды қолдануда меңгеріп отырған. Сондай-ақ мақам өлеңдерінде қолданған аруз салмақты ырғақтағы көптеген поэзия (Лутфи, Саккоки, Атои, Хафыз, Жәми, Науаи, Фузули, Бабыр, Машраб және басқалар) үлгілерін жатқа білуі тиіс еді. Бұдан тыс, сүйемелдеуші аспаптар қатарында даң тәсілдерін және танбур мен дутар орындаушылығын қажетті дәрежеде меңгерген.

?! 1.Шашмақамның құрамындағы Алты мақам қалай аталады?
2.«Савти Калон» өлеңін жаттап ал.
3. Өзбекстанда неше негізгі мақам түрі бар?
4. «Самои Дугох» күйін нота бойынша шырқа.

## 2—3-тақырып. ШАШМАҚАМНЫҢ АСПАПТЫҚ (МУШКИЛОТ) ЖӘНЕ ӨЛЕҢ (НАСР) БӨЛІМІ

Алты мақам жүйесіндегі әрбір мақам екі ірі бөлімнен — аспапты әрі жыр (өлең) жолдарынан тұратыны айтылды. Мақамдардың аспаптық күйлер бөлімі Бұхара дәстүріне сәйкес «Мушкилот» деп қолданылады. «Мушкилот» бөлімі бес негізгі бөлімнен құралады, олар төмендегіше аталады:

1. Тасниф – топтастырылған, жаратылған, жетік туынды;
2. Таржи — қайтарылған, қайталау, қайталанушы;
3. Гардун – тағдырдың құбылмалығы, тағдыр;
4. Мухаммас – бестік, бес еселенген;
5. Сақил – салмақты, ауыр.

Айта кету керек, мақам аспаптық күйлерінің аттары көп қырлы мағынаны білдіргенмен, олардың дерлік барлығы мақам «мәтінінде», ең алдымен, «даң тәсілдері» мазмұнында қолданылады. Сондықтан «Гардун», «Мухаммас» немесе «Сақил» дейілгенде бірінші кезекте белгілі даң тәсілдері ескеріледі.

Мақамдардың «Мушкилот» аспаптық бөлімі «Тасниф» атты күйлермен басталады. Бұл атау «Алты мақамның» әрқайсысына қосып айтылады: «Таснифи Бузрук», «Таснифи Рост», «Таснифи Наво», «Таснифи Дугоһ», «Таснифи Сегоһ» және «Таснифи Ироқ». Таснифтерде, әдетте, 2/4 өлшем-ырғағындағы даң тәсілі қолданылады. Ұстаздар дәстүрінде Бұл тәсіл «бак-бак, бум-бум, бак-ист, бум-ист» деп көрсетіледі. Ал бұл сызықты нота жазуында төмендегідей көрінеді:

Тасниф: 


Таснифтің аспаптық күйлерінің қалыптасуында «шамасы толық» (хона) және «өзгермей қайталанатын» (бозгуй) деген күй құрылымдары маңызды орын алады. «Хона» (парсы, тәжік тілінде–үй) құбылмалы күй құрылымы, ол шығарма үдерісінде бірнеше рет қайталанады да бірте-бірте перне дыбыстары артып, дауыс өрісі кеңейеді. Сөйтіп «хона» күйінің шарықтау шегіне қарай көтеріліп, өрістейді де шарықтау күйіне жетеді. Ал «Бозгуй» құрылымының «хонадан» ерекшелігі, әрқашан тұрақты болады. Өйткені, ол шығарманың басынан соңына дейін өзінің бастапқы әуенінің құрылысын берік сақтайды. Бұл жерде «бозгуй» құрылымы өзінің өзгермей қайталануымен ән-яллалардағы қайырмалардың ерекшеліктерін еске салады.

Мақам аспаптық күйлерін орындаудың екі негізгі көрінісі жеке орындаушылық (жеке аспапта) және топтық түрлері жүзеге келген. Танбур ішекті-шертпе аспабы жетекші аспап ретінде кәсіби музыканттардың арасында кең қолданылады. Ал даң, соқпа тәсілдерін үндестірумен маңызды. Сондай-ақ

мақамның аспаптық күйлерін ғижжак, дутар, най, рубаб, қоснай тәрізді аспаптарда жеке орындауға болады. Ал топ орындаушылығы құрамында танбур мен дaң қатарына дутар, най, қоснай, ғижжак немесе сато (немесе қобыз), чанг, қонун, уд, рубаб сияқты аспаптар енуі мүмкін. Бұхара музыкасы қолдануында танбур, най және даң аспаптарынан құралған топ дәстүрлі сипат алған.

**TASNIFI BUZRUK**

*«Бузрук* мақамынан




Шашмақамның дәстүрі бойынша, алдымен аспаптық бөлімі — «Мушкилот» күйлері («Тасниф», «Таржи», «Гардун» т.б.) бірінен соң бірі тоқтаусыз орындалып, бүтін жинақты құрайды. Мұнда даң тәсілдері бөлімнен-бөлімге қарай күрделене түседі. Аспаптық бөлімнің соңғы, «Сақил» атты күйі орындалған соң, мақамның жыр (өлең) бөліміне өтіледі.

Мақамдардың жыр (өлең) бөлімі, ортақ атпен «Наср» деп аталады. Наср араб тілінде «көмек», «табыс» дегенді білдіреді. Шашмақамдардың «Наср» атты жыр жолдары екі топтан құралған өлең жинақтарына бөлінеді. Бірінші топтың құрамы, әдетте, «Сарахбор», «Талқин», «Наср» деп аталатын негізгі жыр жолдары және олардың «Тароналари» мен қорытынды Уфар жыр бөлімдерінен құралады.

Екінші топ жырлары Савт, Муғулча өлең жолдары мен олардың Талқинча, Қашқарча, Соқинама және Уфар деген салаларынан тұрады. Сөйтіп, Шашмақам жинағы алты мақамды өз ішіне қамтиды. Ал алты мақамның әрқайсысы аспаптық және өлең жолдарынан құралған екен.

⦿ *«Насруллоий» мақам жыр жолын тыңда.*

**NASRULLOIY**






Уфар. Уфар — биге арналған дағ тәсілдерінен бірі. Ол екі негізгі түрде байқалады. 1. Жеңіл Уфар. 2. Салмақты Уфар. Жеңіл Уфар, әдетте, 6/8 ырғақ өлшемінде болады. Бұған Самарқант Уфарындағы тәсіл мысал бола алады:




Салмақты Уфар 3/4 ырғақ өлшемінде болып, ол төмендегідей көріністе болады:




ШАШМАҚАМНЫҢ МУШКИЛОТ (АСПАПТЫҚ КҮЙЛЕР) БӨЛІМІ
1. ТАСНИФ
2. ТАРЖИ
3. ГАРДУН
4. МУХАММАС
5. САҚИЛ


ШАШМАҚАМНЫҢ НАСР (ӨЛЕҢ) БӨЛІМІ
БІРІНШІ ТОП ӘН АЙТУ ЖОЛЫ
ЕКІНШІ ТОП ӘН АЙТУ ЖОЛЫ
1. САРАХБОР
ТАРОНА
2. ТАЛҚИН
ТАРОНА
3. НАСР
4. УФАР
1. САВТ / МУГУЛЧА
2. ТАЛҚИНЧА
3. ҚАШҚАРША
4. СОҚИЙНАМА
5. УФАР

## АТА ЖАЛАЛ НАСИРОВ

Бұхара мақамдарының танымал әрі атақты орындаушылары қатарында Ата Жалал Насиров, Ата Ғияс Абдуғани, Домла Халим Ибадов, Қажы Абдулазиз Расулов, Леви Бабаханов және басқалардың есімдерін айтып өткен жөн.

Ата Жалал Насиров (1845-1928) Бұхара Алты мақамын өте жас кезінен үйрене бастайды. Алғаш оны осы өнермен анасы таныстырады. Ал кейінірек атақты хафыз әрі музыкант Тиллабайдың жетекшілігімен тиянақты меңгереді. XIX ғасырдың 60 жылдарынан XX ғасырдың алғашқы оныншы жылдарына дейін Бұхара әмірлігі сарайында хафыз ретінде қызмет етеді. Кеңес дәуірінде Бұхарада ашылған «Шығыс музыка мектебінде» ұстаздық етеді және көптеген шәкірттер дайындайды.

Ата Жалал Насир – халқымыздың үлкен рухани қазынасы болған Алты мақамды жете меңгерген және оны сақтап қалуда үлкен қызмет көрсеткен өнер өкілі. Бізге белгілі, В.А.Успенский 20 жылдардың бастарында мәртебелі Алты мақам жинағын Ата Жалал Насиров пен танбуршы Ата Ғияс Абдуғанилердің орындауында тұңғыш рет нота жазуларына түсірген еді. Осылайша мақамның бүтіндей жоқ болып кету қаупінің алды алынған. Өйткені бұл өнердің білімпазы және іс жүзіндегі орындаушысы болған ұстаз-музыкант және ұстаз-хафыздар өте аз еді.

?! 1. Шашмақамның "Мушкилот" бөліміндегі бес негізгі күйлер қалай аталады?

2. "Тасниф" дaң тәсілін жаттап ал.

3. "Савти Калом Соқинамаси" жырының үш байт (6 қатар) ғазелін жаттап ал.

4. "Савти Калом Соқинамасиның" дaң тәсілін анықта.





5. Төмендегі тәсілдерді “бум-бак” буындары негізінде көрсет:





## АТАҚТЫ МАҚАМ ОРЫНДАУШЫЛАРЫ



Ата Жалал Насиров



Ата Ғияс Абдуғани





**Леви Бабахан** **Уста Шады Азизов**





Домла Халим Ибадов Карим Муминов

## 4-тақырып. ХОРЕЗМ МАҚАМДАРЫ

Хорезм мақамдары белгілі жүйедегі жинақ түрінде XIX ғасырдың бірінші жартысында қалыптасып, бұл жинақ Бұхара мақамдары сияқты, негізінен, Алты мақамнан тұрады:

1. «Рост» мақамы (немесе Мақоми «Рост»);
2. «Бузрук» мақамы (немесе Мақоми «Бузрук»);
3. «Наво» мақамы (немесе Мақоми «Наво»);
4. «Дугох» мақамы (немесе Мақоми «Дугох»);
5. «Сегох» мақамы (немесе Мақоми «Сегох»);
6. «Ироқ» мақамы (немесе Мақоми «Ироқ»);



*Камил Хорезми*

Жазба деректерге қарағанда, Хорезм мақамдарының түпкілікті қалыптасуына Бұхара мақамшылық дәстүрлері үлкен ықпалын тигізен. Мұнда атақты музыкант Ниязжан Қожаның қызметі ерекше ескеріледі. Сол бойынша Ниязжан Қожа XIX ғасырдың басында Бұхараға келгені және Алты мақам жүйесін зерттеп, содан соң бұл өнерді Хорезм музыкашыларына үйреткені айтылады. Қазіргі кезде мақамдар Хорезм жағдайына бейімделіп, жергілікті көркем дәстүрлермен байланысты жақтары бар екендігі де атап өтіледі. XIX ғасырда жасап, шығармашылықпен шұғылданған ақын әрі музыкатанушы ғалым Пахлаван Нияз Мұхамед (бүркеншік аты — Камил Хорезми, 1825–1897) өзі жаратқан «Танбур чизиғи» атты өзіне тән «нота жазуы» арқылы Хорезм мақамдарын қағазға түсіру тәжірибесін бастап берді. Бұл істі оның ұлы — Мұхамед Расул Мирзабасы жалғастырды. Оңнан солға қарай оқылған осы «нота жазуында» танбур пернелеріне тиісті 18 параллель сызықтар болған және мұнда дыбысталуы (басылуы) тиіс болған пернелер сызықтар мен нүктелер негізінде белгіленген.



Хорезм мақамдары құрылысы жағынан Бұхара мақамына көбірек ұқсас әрі өзгеше күйді көрсетеді. Атап айтқанда, бұл мақамдардың аспаптық күй жолдарынан құралған бөлімі Шашмақамдағы секілді «Мушкилот» деп емес, сондай-ақ «Чертим йули» немесе «Мансур» деген жалпы аттармен аталады. Сондай-ақ аспаптық бөлімі – шерту жолы құрамында бізге Алты мақамнан белгілі болған «Таржи», «Гардун», «Мухаммас» және «Сақил» атты күйлері болған жағдайда, «Тасниф» атауы кездеспейді және оның орнында әрбір мақамның аты (мәселен, «Мақоми Рост», «Мақоми Бузрук» т.с.с.) немесе «Тани мақом» сөзі қолданылады. Бұдан тыс, шерту жолы бөлімдерінде «Пешрав» және «Уфар» атты бөлімдердің орны сипатқа ие болған, бұл жағдай Алты мақамға тән емес. Алты мақамның аспаптық бөлімдері «Сақил» деген күйлермен аяқталатыны бізге белгілі. Ал Хорезм мақамдарында бұл орында «Уфар» атты күйлер көрсетілген болады. Бұл сияқты өзара ұқсас және өзгеше жақтарын жақсырақ ұғыну мақсатында Шашмақам мен Хорезм мақамдарының «Рост» жинағындағы аспаптық күйлерін бір-бірімен салыстырып көруге болады:

**Хорезм «Рост» мақамы**
**Шерту жолы:**
1. Мақоми Рост.
2. Пешрави Гардун.
3. Мухаммас I.
4. Мухаммас II.
5. Мухаммаси Ушшоқ.
6. Сақили Вазмин.
7. Уфар.

**Бұхара «Рост» мақамы**
**«Мушкилот» бөлімі:**
1. Таснифи Рост.
2. Гардуни Рост.
3. Мухаммаси Рост.
4. Мухаммаси Ушшоқ.
5. Мухаммаси Панжгох.
6. Сақили Вазмин.
7. Сақили Рак-Рак.

Шерту жолы күйлерінің ішкі түр-құрылыстарында Алты мақамның «Мушкилот» күйлерінен белгілі болған «хонабозгуй» шамалары көрінеді.

Хорезм мақамдарының аспаптық күйлері орындалғанда, танбур мен дақ саздық аспаптары маңызды орын алады. Танбурда мақамның күйі, ал данда тәсіл жолы шертіледі. Сондай-ақ шерту жолдары екі танбур және бір ғижжак, бір буламан және даң аспаптарынан құралады.

◉ *Хорезм мақамдарының шерту жолдарынан үлгілер тыңда.*

△

### O‘ZBEKISTON

Өлеңі жазған *Мухиддин Аман* — Әнін жазған *Диларам Амануллаева*






Chamanimsan, iforingga to‘yib bo‘lmas,
Diydoringni qiyomatga qo‘yib bo‘lmas,
Mingta jannat bog‘idan ham sen muqaddas,
O‘zbekiston – mangu so‘lmas bahorimsan,
O‘zbekiston – baxti kulgan diyorimsan!

## 5-тақырып. ХОРЕЗМ МАҚАМДАРЫНЫҢ ЖЫРЛАУ ЖОЛЫ

Хорезм мақамдарының өлең бөлімі «Айтим йўли» немесе «Манзум» деп аталады. Хорезмнің жырлау жолдарын Шашмақамның «Наср» бөлімдерімен салыстырғанда көптеген ортақ және өзгеше жағдайлар көрінеді. Мәселен, Хорезм жырлауында «Талқин», «Наср» және «Уфарлармен» бірге жергілікті өлеңшілік дәстүріне қатысы бар «Сувора», сондай-ақ, «Фарёд» және «Нақш» деп аталған танымалды өлең үлгілері кең орын алады.




**Матяқуб Харратов  Хажихан Балтаев**



**Матнияз Юсупов пен Матпано Ата Худайбергенов**

Бірақ қазір «Сарахбор» атауы тіптен кездеспейді және оның орнына (шерту жолындағы сияқты) мақамның аты (Мақоми Рост, Мақоми Бузрук және с.с.) қолданылады. Мысал ретінде әрбір екі жинақтың «Наво» мақамдарына жататын жыр (өлең) жолдарын салыстыру мүмкін:

**Хорезм «Наво» мақамы**
**Жырлау жолы:**

1. Мақоми Наво.
2. Тарона.
3. Сувора.
4. Талқин.
5. Фарёд.
6. Нақш.
7. Ораз.
8. Уфар.

**Бұхара «Наво» мақамы**
**Наср бөлімі:**

1. Сарахбори Наво.
2. Тарона I—II.
3. Талқини Баёт.
4. Тарона.
5. Насри Баёт.
6. Тарона I—II.
7. Орази Наво.
8. Тарона I—III.
9. Хусайни Наво.
10. Уфари Баёт.

Хорезм мен Бұхара мақамдарын салыстыра отырып, тағы да айтуға болатыны, Хорезм «Ироқ» мақамында “жырлау жолына” тиісті өлең үлгілері мүлдем кездеспейді. (Бұл үлгілер бізге дейін жетіп келмеген). Демек, «Ироқ» мақамы тек «шерту жолынан» ғана құралған. Сондай-ақ Хорезм мақамдарында екінші топ өлең жинақтарына жататын «Савт», «Мүғулча» және олардың салалары тұрақты қалыптаспаған.

Хорезм мақамдарының жыр жолдары Науаи, Фузули, Машраб, Огахи, Мунис, Аваз Отар сынды классикалық ақындардың аруз ырғақты лирикалық шығармашылығы негізінде “оқылады”.

*Хорезм мақамдарының жырлау жолынан үлгілер тыңда.*

## КАМИЛЖАН АТАНИЯЗОВ ЖАЙЫНДА

Хорезм мақамдарының шебер орындаушылары бірнеше ұрпақтан тұрады. Соның ішінде, XIX ғасырда Камил Хорезми, ал XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басында Камил Хорезмидің шәкірттері Худайберган Мухркан, Матяқуб позачи, Абдулла гулаби, Бабажан буламаншы, Мұхамед Расул

Мирза, Матяқуб Харратов сынды мақамшы өнерпаздар қызмет еткен. Сондай-ақ XX ғасырдың барысында Матпано Ата Худайберганов, Матюсуф Харратов, Мадрахим Яқубов (Шерози), Хажихан Балтаев, Камилжан Атаниязов, Матнияз Юсупов, Рузимат Жұманиязов және басқа да ұстаз өнер шеберлерінің есімдері Хорезм мақамдарының жетік орындаушылары болып табылады.



*Камилжан Атаниязов*

Соның бірі — Камилжан Атаниязов (1917–1975) атақты әнші, музыкант әрі сазгер. Ол Хорезм мақамдарының жырлау жолдарын Матпано Худайбергенов, Мадрахим Яқубов пен Хажихан Балтаевтардан үйренген. Сонымен бірге, ол Хорезм дастандарын, әндерін және «Суворaларын» шебер орындаған. Камилжан Атаниязов сазгерлік жолында да жемісті еңбек етіп, «Салламно», «Ўйнар», «Кўринг», «Муборак», «Айрилмасин нигоридан», «Бўлиб-дур», «Нетай» сияқты, халық арасында кең таралған әндерді шығарған.

?! 1. Хорезм мақамдарының орындалуында қандай аспаптар маңызды орын алады?

2. Сақили рак-рак күйі қай мақамға жатады?

3. Осы уфар тәсілінің өлшемін анықта.



4. Төмендегі тәсілдерді “бум-бак” буындарында көрсет.

а 

ә 

б)


в)


5. Хорезм мақамдарының аспаптық жолдары (күйлер) қандай жалпы атаулармен қолданылады?
6. Хорезм мақамдарының аспаптық жолдарының құрамынан қандай күйлер орын алған?
7. “Ўзбекистон” әнінің өлеңін жаттап ал.

## 6-тақырып. ФЕРҒАНА — ТАШКЕНТ МАҚАМ ЖОЛДАРЫ

Ташкент пен Ферғана алқабы қалаларының музыкалық қолданысында енгізілген мақам жолдарына қатысты «Ферғана–Ташкент мақам жолдары» деген жалпыланған атау қолданылады. Бұл түрдегі мақамдардың Бұхара мен Хорезм мақамдарынан айырмасы, олар бүтін жинақты құрамай, жеке-жеке аспапты және ән жолдарынан құралады. Атап айтқанда, «Насрулло I—V», «Муножот I—IV», «Ажам Тароналари», «Мискин I—V», «Сегох I—III», «Мушкилоти Сегох», «Сайқал I—II», «Мирзадавлат I—II», «Мушкилоти Дугох», «Чўли Ироқ» сияқты аспаптық күйлері, сондай-ақ «Чоргох I—V», «Дугох-Хусайн I—VII», «Баёт I—V», «Баёти Шерози I—V», «Гулёр-Шахноз I—V», «Кўча Боғи I—II», «Сегох», «Тошкент Ироқи» сынды өлең жолдары солардың қатарына енеді. Сондықтан Ферғана–Ташкент мақам бағыттарының құрамы бір бөлімді үлгілерден тартып, бес-жеті бөлімнен құралған жинақ шығармаларынан тұрады.

Өткен дәуірде Ферғана–Ташкент мақам жолдары тек хан сарайында ғана емес, сондай-ақ халық тұрмысымен байланысты әр түрлі жағдай мен орындарда да (халық тамашасы мен серуендері, арқан бойында өнер көрсететін ойындарда, той думандарында, зиялы мен қолөнершілер арасында, т.с.с.) бұрыннан орындалып келген. Бұл жағдай олардың халық арасында әйгілі болу себептерінің бірі болып табылады.


*Абдуқадыр Исмаилов.*

«Ферғана–Ташкент мақам-аспаптық бағыттары» халқымыздың сүйікті күйлері болып табылады, олар «Насрулло I—V», «Муножот I—V», «Ажам және оның күйлері», «Мискин I—V», «Сегох I—III», «Мушкилоти Сегох», «Сайқал I—II», «Мирзадавлат I—II», «Мушкилоти Дугох», «Чўли Ироқ», «Чоргох», «Сурнай Ироғи», «Сурнай Дугоhи», «Сурнай Ушшоғи» сияқты күйлерден тұрады. Өйткені бұл мақам бағыттары бір бөлімді күй үлгілерінен бастап бес бөлімді жинақ туындыларына шейінгі құрамды қамтиды. Жинақтағы құрамдас бөлімдер рим цифрлары арқылы (мысалы, «Мискин I», «Мискин II», «Мискин III», т.с.с.) бөлінеді. Кейбір жинақтардың арнайы аттары да бар. Мәселен, «Мискин I–V» аспаптық жинақтың III бөлімі «Адоий», IV бөлімі «Асирий» деп аталса, «Насрулло I–V-ның» II бөлімі «Чапандоз», III бөлімі «Қашқарча», IV бөлімі «Тарона» және V бөлімі «Уфар» деп аталады, т.б.

Ферғана–Ташкент мақамы аспаптық күйлерін түрлі халықтың саз аспаптарында (найда, ғижжакта, дутар мен танбурда, сырнайда, т.б.) орындау дәстүрі де бар. Сондай-ақ бұл күйлер түрлі жағдайларда ойналады. Мәселен, сырнай жолдары халық тамашалары мен мерекелерінде, арқан бойымен жүретін өнерпаздар ойыны мен той думандарында, дутар, танбур немесе ғижжак орындаулары «отбасы жағдайларында» өткізілетін түрлі жиын мен мәжілістерде орындалады.

Әдетте, Ферғана–Ташкент мақам аспаптық күйлерінің орындаушылары кәсіби музыкашылар болады, олар бұл өнерді мақамшы ұстаздардан үйренеді. Осылайша бұл өнерді бізге жеткізген танымалды музыкашылар қатарында Сұлтанхан Хакимов (танбур), Абдуқадыр Исмаилов (най), Ахмаджан Умурзақов (қоснай, сырнай), Ашурәлі Юсупов (сырнай), Шобарат танбуршы, Абдумутал Абдуллаев (танбур), Мухиддин Хажы Нажмиддинов (дутар, танбур), Абдусағат Вахабов (дутар), Камилжан Жаббаров (ғижжак, дутар, танбур), Мақсудхожа Юсупов (танбур), Саиджан Калонов (най), Фахриддин Садиқов

(чанг, дутар), Ғаныжан Ташматов (ғижжак), Турғун Алиматов (танбур, дутар, ғижжак), Ғуламжан Хажиқулов (ғижжак) сияқты шебер орындаушылардың есімдерін арнайы атап өтуіміз керек.

## NASRULLO I

*Ташкент — Ферғана мақам жолы*



### Молда Тойшы Ташмухамедов

Ферғана–Ташкент мақам өлең бағыттары (аспаптық бағыттары секілді) жеке бір бөлімді ("Сегох", "Тошкент Ироғи", т.б.) үлгілерден бастап көп бөлімді өлең жинақтарын білдіреді. Әсіресе бес бөлімді өлең жинақтары көп кездеседі. Атап өтсек,



*Молда Тойшы Ташмухамедов*

«Чоргох», «Баёт», «Баёти-Шерози», «Гулёр-Шахноз» секілді өлең жолдары дәл осындай бес бөлімнен тұратын жинақ туындылар болып табылады.

Жинақ бөлімдерін құрайтын өлең үлгілері рим цифрларымен белгіленеді. Мысалы, «Баёт I», «Баёт II», «Баёт III», т.с.с. Ал кей жағдайларда құрамдас бөлімнің арнайы аты да кездеседі. Мәселен, «Гулёр-Шахноз» өлең жинағының I бөлімі «Гулёр», II бөлімі «Шахноз», III бөлімі «Чапандози Гулёр», IV бөлімі Ушшоқ және V бөлімі «Қашқарчаи Ушшоқ» деп аталуы мысал бола алады.

Ферғана–Ташкент мақам бағыттарында «Ферғана–Ташкент музыкасы тәсіліне» тән болған яллә, өлең және ірі өлең (катта ашула) жанрларының ерекшеліктері өзгеше көрінеді. Өлең жолдары классикалық поэзия (Саккоки, Науаи, Бабыр, Мұқими, Увайси, Фурқат т.б.) негізінде оқылады. Ферғана–Ташкент мақам өлең жолдарын өз орындауларымен жетілдірген мақамшы-хафыздар қатарында Шарахим Шоумаров, Молда Тойшы Ташмухамедов, Шожалил хафыз, Илхам хафыз, Сәдірхан хафыз, Юнус Ражаби, Расулқари Мамадалиев, Фаттақхон Мамадалиев, Арыфхан Хатамов рәуіштес ұстаз өнер қайраткерлерінің қызметтерін ерекше атап өту керек.

## DUGOH-HUSAYN I

*Науаи ғазелі* *Ферғана—Ташкент мақам бағыты*




Ey sar - vi - noz gul-sha- ni
bo - g‘i ma - lo - ha - tim.
Va gul -u - zor
ma - hi - va - shu sar - vi
qo - ma-tim. La’-ling ta-
bas- sum et - di- yu, jo - nim a - sir -
dur. Shak - kar so - g‘in - di,
to‘ - ti ka - bi
yo‘q ha - lo - va - tim.

△

# MEHR QO'SHIG'I

Өлең жазған
*Нұрмухамед Исраилов*

Әнін жазған
*Хуршида Хусанова*

**Ойнақы**






1. Dilda yaproq yozdi mehr daraxti,
Birga olqishlaylik, kel ey yorug‘ baxtni,
Kuylar bulbul, ochilar gul,
Sadoda ko‘ngil azizim!

N a q a r o t:

Dilga dil, kuyga ky nafis ulanar,
Baxtga zor dunyoga tinchlik tilanar.
Ko‘zni qamashtirar quyosh shulasi,
Sevinch-la kuylaymiz baxt ashulasin.

2. Oltin bolalikning har kuni tiniq,
Nahorday tiniq-u, bahorday iliq.
Kuylar bulbul, ochilar gul,
Sadoda ko‘ngil azizim!

△ **«Мўғулчаи Дугоҳ Соқийномаси» мақамын айтуды үйрен.**

## MO‘G‘ULCHAI DUGOH SOQIYNOMASI

*Надыра* ғазелі *«Дугох»* мақамынан






Kel, dahrini imtihon etib ket,
Sayri chamanni jahon etib ket.

Bedardlaring jafolaridin
Faryod chekib, fig‘on etib ket.

# USHSHOQ

M.M ♩ = 76






?! 1. Мақам туралы жалпы түсінігің қандай?

2. Он екі мақам аттары қалай аталады?

3. Шашмақамның құрамына қандай мақамдар енеді?

4. «Тасниф» даң тәсілін «бум-бак» буындарында көрсетіп бер (айтып бер).

5. «Мушкилот» бөлімі құрамындағы бес негізгі аспаптық күйлер қалай аталады?

6. «Наср» бөлімінің негізгі жыр (өлең) жолдары қандай аттармен аталады?

7. «Қашқарча» даң тәсілін «бум-бак» буындарында көрсетіп бер (айтып бер).

8. Тоқсан барысында үйренген әндерден 2—3 үлгісін шырқап бер.

9. Ферғана — Ташкент мақам бағыттарына жататын жинақтардың өлең (жыр) жинақтарының аттарын білесің бе?

10. «Чоргох — IV» жырының үш байт ғазелін жаттап ал.

11. Сөзжұмбақты шеш.

## КРОССВОД

2. Шашмақамның аспаптық бөлімінен біреуінің аты.
3. Екі ішекті шертіп тартатын саз аспабы.
4. Шашмақам өлең бөлімінің жалпы аты.
5. Шашмақамның аспаптық бөлімінен біреуінің аты.
6. Шертпе тетікпен (нохунмен) ойналатын саз аспабы.
7. Ферғана – Ташкент музыкасы тәсіліне тән өлең жолы.
8. Шашмақам құрамында келетін бесінші мақамның аты.
9. Екінші мақамның аты.



# III ТОҚСАН

## ӨЗБЕК МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ ӘЛЕМ МУЗЫКА ӨНЕРІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

### 1-тақырып. ӘЛЕМ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІ ЖАЙЫНДА

Музыка мәдениеті адамзат қоғамының рухани тіршілігінде маңызды орын алады. Өйткені саз өнері адам жүрегінде ұнамды сезімдерді оятады, оны игі істерге жетелейді. Сонымен бірге музыка, әсіресе, «жағымды дауыс, күшті әсер күшіне ие, оны естуімен-ақ адам ішкі мұңдарынан арылады. Адам кез келген ауыртпалықты, тіпті аштық, сусынды естен шығарады. Музыка — ауыр бейнеттен соң демалудың ең жақсы шарасы. Музыканың әсер ету күшін тіпті жылап тұрған сәби ана әлдиин есітіп, тынышталып және ұйықтап қалатынан да білсе болады».[1]

Музыка мәдениетінің түп-тамыры көне дәуірлерде қалыптасқан халық музыка шығармашылығына барып тіреледі. Әрбір халықтың өткен ғасырлардан келе жатқан, ата-бабаларынан ұрпақтарға асыл рухани мұра болып қалып отырған күй мен әндері, лапар мен яллалары, жыр мен әлдилері бар. Кейде бұл рухани мұраны бір сөзбен «ұлттық музыка» деп атайды. Өйткені бұл музыка ұлттық өзіндікті ұғынуда, миллиондаған адамдар өздерін бір тән, бір жандай сезінгендерінде үлкен маңызға ие болады. Сондай-ақ кәсіби музыканттар мен сазгерлер де өздері шығарған дастан, мақам, сувора, ірі өлең немесе симфония мен опералық шығармаларында халықтың саз өнеріне сүйенеді. Өйткені осы жанрларда жасалған халықшыл саздық шығармалардың тыңдаушыға көркемдік-сезімдік әсер күші де жоғары.

Музыканың адамның рухани байлығын қалыптастыру мен тәрбиелеудегі маңызына мән беріліп, дерлік әрбір мемлекетте осы өнерді жас ұрпаққа үйретуге арналған арнайы оқу орындары ашылған. Сондай-ақ, танымалды өнер иелерінің орындауындағы магниттік таспалар мен CD-ге жазып алынған шығармалар бұқара арасында насихатталады. Музыканттардың алуан түрлі концерт залдары мен радио-теледидар

---

[1] *Исхақ Ражабов.* Мақамдар. Т., 2006.

бағдарламалары арқылы «шығулары» да қазіргі күнде дағдыға айналған. Бұлардың бәрі қазіргі дәуір музыка мәдениетін құрайды.

*И.С.Бах туындыларынан үлгілер тыңда.*

## KENG TURKISTON

Сөзін жазған *Полат Момын* Әнін жазған *Надим Нархужаев*

**Марш екпінімен**






Keng Turkiston teng uyimiz,
Birgalashsa dil-o‘yimiz,
Yashnamog‘in Turon zamin
Do‘stlik baxti etar ta’min.

N a q a r o t :
Turkistonning osmoni keng,
Kulaversin armoni teng,
Gullayotgan bo‘stoni keng,
Ipak yo‘li karvoni teng.

Do‘stligimiz bo‘lsa shunday:
Yana yashnab kulsa kunday.
Qo‘lni qo‘lga bersa millat,
Tinch-u obod yurt-u elat.

N a q a r o t :
Turkistonning osmoni keng,
Kulaversin armoni teng,
Gullayotgan bo‘stoni keng,
Ipak yo‘li karvoni teng.

Chorlaganda o‘z bag‘riga
Do‘stlar qonar do‘st mehriga
Osoyishta ona diyor
O‘ktamlikda o‘z o‘rni bor.

N a q a r o t :
Turkistonning osmoni keng,
Kulaversin armoni teng,
Gullayotgan bo‘stoni keng,
Ipak yo‘li karvoni teng.

## ПОЛИФОНИЯ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

“Полифония” деген сөз грек тілінен алынған, “поли”– көп, “фония”–дыбыс, дауыс деген мағыналарды білдіреді. Демек, полифония дегенде, музыка өнеріндегі көп дауыстылық түсініледі. Бұнда бір мұрсаттың өзінде екі және одан да көп дыбыстардың өзара үйлесімді үндесуі ұғынылады. Сен тыңдаған

шығарманың сазгері И.С Бах (1685−1750), ол неміс полифоник мектебінің ірі қайраткері болған. Оның орган үшін жазған көптеген фуга шығармалары осы полифоник тәсілінде шығарылған.

?! 1. Әлем музыка мәдениеті туралы түсіндіріп бер.
2. "Кенг Туркистон" әнінің өлеңін жаттап ал.
3. И.С.Бах шығармасын тыңдаудан алған әсеріңді айтып бер.
4. Полифония жайында түсінік бер.

## 2-тақырып. ШЫҒЫС ҒҰЛАМАЛАРЫ МУЗЫКА ТУРАЛЫ



*Әбу Насыр Фараби*

Шығыс ғұламалары, шайхулмашайықтар саз өнерін жоғары бағалап, оның адам рухына рухани қуат болып қызмет ететінін ерекше атап өткен. Солардың бірі Хазрат Әбу Бәкір Бұхари −Калободи (994 жылы қаза тапқан) музыка дыбыстары — күйлерді сипаттай келе, оларда «жан қуаты мен рух азығы бар. Егер жан музыкадан қуат тапса, өз мақамына беріліп, сол мақаммен айналысатын еді», деп жазады.

Демек, музыка адамға рухани азық болумен бірге оны тәрбиелеуде де маңызды екен. Өйткені рухы сергек және жетік адам өз бойында жақсы адамдық қасиеттерді нақты көрсете алады.



*Әбу Әли ибн Сина*

Отандасымыз Әбу Насыр Фарабидің (873 — 950 ж.) осы тұрғыдағы пікірі де ой тоқтатарлық: «Музыка ілімінің пайдалы болу мағынасы сонда, егер ол өз бойын билей алмаған адамдардың құлқын тәртіпке келтірсе, жетілмеген құлқын жетілдірсе және өзін билей алатын адамдардың қалыпты жағдайларын тұрақтандырады. Бұл ілім адам денесінің салауаттығы үшін де пайдалы. Себебі адам денесі



*Әлішер Науаи*

сырқаттанса, рух солады, дене кедергіге тап болса, рух та кедергіге ұшырайды. Сондықтан үндердің ықпалымен рухты айықтыру көмегімен дене сауықтырылады...»

Ғұлама Әбу Әли ибн Синаның (980 −1037ж.) музыканың үлкен тәрбиелік маңызы жөнінде айтқан төмендегі сөздері де терең маңызға ие: «Баланың болмысын күшейту үшін оған екі нәрсені қолдану керек. Бірі баланы жайлап тербету, ал екіншісі оны ұйықтату үшін айту әдет боп қалған музыка мен әлдиі боп табылады. Осы екеуін қабылдау шамасына қарай баланың денесімен дене шынықтыруға және рухымен музыкаға болған қабілеті қалыптастырылады».

Шығыс ойшылдары музыканың пәк және сұлу махаббат сезімдерін бейнелейтін ғажайып қасиеттері туралы да өнегелі сөздерді бізге рухани мұра етіп қалдырған.

Бұл тұрғыда хазрат Әлішер Науаиның (1441 — 1501) сөздері өте әсерлі айтылған.

*«Оташин юзлик муғаннийки, хилқидин мудойим*
*суруд чиқорғай,*
*Хол аһлининг куйган бағридин дуд чиқорғай»*

Яғни дауысы әдемі әншінің жағымды өлеңі махаббат қауымының жүрегін жандырады, күйдіреді.

*Өзбек классик күйлерінен үлгілер тыңда.*

?!
1. Шығыс музыка мәдениеті туралы түсінік бер.
2. Әлішер Науаиның қандай ғазелдерін әншілер шырқаған?
3. «Қаро кўзим» өлеңін кімдер орындаған?
4. «Муножот» классик күйіне қайсы ұлы ақынның ғазелі байланысты?

## 3-тақырып. ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ САТЫЛАРЫ

Дүние жүзі музыка мәдениеті қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жетіп келу үдерісінде бірнеше тарихи сатылардан өтті. Бұл сатылар төмендегі атаулармен аталады:

1. Көне дәуір музыка мәдениеті.
2. Орта ғасырлар музыка мәдениеті.
3. Ояну дәуірі музыка мәдениеті.
4. Ағартушылық дәуірі музыка мәдениеті (XVIII ғасыр).
5. XIX ғасыр музыка мәдениеті.
6. XX–XXI ғасыр музыка мәдениеті.

Әрбір дәуір музыка мәдениетінің өзіне тән жақтары бар. Мәселен, эрамызға дейінгі ғасырлардан V ғасырға дейінгі музыка мәдениеті, негізінен, монодикалық (яғни бір дауысты) көріністе болған. Бұл дәуірде музыка негізінен Мысыр, Қытай, Үндістан сықылды көне Шығыс мемлекеттерінде, ал кейінірек көне Грецияда да өткізілген түрлі дәстүрлерде пайдаланылған. Мұнда уд және арфа тәріздес ішекті-шертпелі, сыбызғы секілді үрлемелі және сан алуан ұрмалы-соқпалы саздық аспаптар кең қолданылған.

V ғасырдан XIV ғасырға дейін жалғасқан (яғни көне дәуір мен жаңа тарих аралығындағы дәуір) Орта ғасырларда музыка мәдениеті түрлі өзгерістерге ұшырады. Мәселен, Батыс Еуропа мемлекеттерінде музыканың дамуы негізінен христиан шіркеу мәдениетіне байланысты еді. Сол шіркеу хорында музыканың көп дауысты (полифониялық) тәсілі пайда болды. Сондай-ақ католик шіркеулерінде орган саз аспабы көп қолдана бастады.

Ал шығыс мемлекеттерінде, керісінше, монодикалық тәсіл өз күшін сақтады. Мұсылмандық әлемінде мақам өнері тарады. Саздық аспапта орындаушылық пен жеке әншілік өнері дамыды.

XIV–XVI ғасырлардағы музыка мәдениеті әлем тарихында көбірек «ояну дәуірі» (ренессанс) атымен әйгілі. Бұл дәуірлерде Батыс және Орталық Еуропадағы мемлекеттерде антикалық өнерді үйренуге, оның жоғары үлгілерін қайта қалыптастыруға болған әрекеттер үдеген еді. Осы әрекеттердің арқасында Италияда опера жанры жүзеге келді де дами бастады.

Ағартушылық идеялары жетегінде өткен XVIII ғасыр Еуропа музыка мәдениетінде әлемге әйгілі «Вена классикалық мектебі» қалыптасты. Ал шығыста мақамның жаңа жүйелері

пайда болды. Оның ішінде, Орта Азияда (өзбек-тәжік музыка мәдениетінде) атағы әлемге танылған Шашмақам өнері жаратылды

*А.Вивальдидің «Жыл мезгілдері» жинағынан үзінділер тыңда.*

## YURTGA SADOQAT

Өлеңін жазған *Сафар Барнаев* Әнін жазған *Хабибулла Рахимов*






Yurtga sadoqat qonimizda bor,
Mehr-u oqibat jonimizda bor.
Qut-u baraka, mehmonga hurmat
Yoygan dasturxon, nonimizda bor.

Sher yurtning sherdil
o‘g‘lonlarimiz,
Metin, mustahkam
qo‘rg‘onlarimiz.
Yursak o‘t chaqnar
izlarimizdan,
Bahomiz so‘rang
qizlarimizdan.

So‘zimiz butun, o‘zimiz butun,
Mardona topgan tuzimiz butun.
Butunlik asli, maqtansak arzir,
Bobolar ekkan donimizda bor

Biz yurtning adl
ustunlarimiz,
Qo‘limizdadir xush
kunlarimiz.
Sher yurtning sherdil
o‘g‘lonlarimiz,
O‘zbekistonning
qo‘rg‘onlarimiz.

*А.Вивальдидің «Жыл мезгілдері» жинағынан үзінділер тыңда.*

?!

1. Әлем музыка мәдениетінің тарихи өркендеу сатылары туралы қандай мәліметтерді білесің?
2. Сазгер А.Вивальди туралы не білесің?
3. Оның «Жыл мезгілдері» жинағы шығармасы қандай саздық аспаптар ұжымының орындауына арналған?
4. Бұл туындыда қыс мезгілі нелер арқылы көрсетілген?
5. Сол шығармадан алған әсеріңді айтып бер.

## 4-тақырып. ВЕНА КЛАССИКАЛЫҚ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, Австрияның астанасы Вена қаласында музыка мәдениеті жедел қарқынмен дами бастады. Ағартушылық ғасырының идеялары басым бұл қалада австрия, неміс, венгер, итальян, славян, тағы басқа халықтардың тату тұрмысын көру және олардың ұлттық әуендерін тыңдау мүмкін еді. Осындай әуендердің үйлесімділігіне негізделген күйде XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Венада музыка шығарушы — сазгерлердің өзіне тән мектебі жүзеге келген еді. Тарихта «Вена классикалық мектебі» деп аталған әрі даңқы шыққан бұл шығармашылық мектептің дәстүрлері бастапқыда Юзеф Гайдн (1732—1809) және Вольфранг Амадей Моцарттың (1756−1791) саздық шығармаларында қалыптасып, соңынан оны олардың жас замандасы Людвинг ван Бетховен (1770−1827) өз шығармашылығында жалғастырған еді.

Ю. Гайдн





В. Моцарт



Л. Бетховен

Осы мектептің қайраткерлері дүние жүзі музыка мәдениетін соната, квартет, симфония секілді ірі аспаптық саздық шығармаларымен байытты.

Вена классикалық мектебінің сазгерлері шығармашылығында симфония жанрының классикалық түрі де түпкілікті қалыптасты және өркендеді. Соған байланысты бұл түрдегі симфония төрт бөлімнен құралған жинақ туынды болып, оның алғашқы бөлімі жедел қарқында (соната аллегросы), екінші бөлімі баяу және салмақты, ал үшіншісі би (мэнует, скерсо) сипатында және соңғы қорытындылаушы төртінші бөлімі — өршіген финал ретінде шырқалды. Әдетте, бұл секілді симфониялық шығармаларды соған мамандырылған симфониялық оркестр орындайды.

Вена классикалық мектебінің қайраткерлерінен Ю.Гайдн жүзден астам, В.Моцарт қырық бір, ал Л. Бетховен тоғыз симфониялық шығармалар жинақтарын шығарған.

Вена классикалық мектебінің сазгерлері опера өнерін де мазмұнды туындыларымен байытуға және соның негізінде оны дамытуға өз үлестерін қосқан. Бұған В.А.Моцарттың «Фигароның үйленуі», «Сиқырлы сыбызғы», «Дон Жуан», Л.Бетховеннің «Фиделио» опералары айқын дәлел бола алады.

*Ю.Гайдн, В.Моцарттың немесе Л.Бетховеннің шығармаларынан үлгілер тыңда.*

## БАҲОР ЧОРЛОВИ

*Бетховен музыкасы*



рей про-снись, при- ро- да, по - ра, про- снись от


лод- ный се- дой зи-мы по-кров, зи-мы по-
кров. По- ля, ле- са и ни- вы ты
к жиз- ни под- ни- май, раз- бей зи- мы о-
ко- вы, и - дёт, и - дёт к нам свет-лый
май, и - дёт, и - дёт к нам свет-лый
май. Вос-стань,рав- ни-на, про-бу- дись, го-товь- ся
и встре-чай. И- дёт к нам свет-лый май.

## 𝄞 Моцарт пен Бетховен шығармашылығы жайлы.

Австриялық ұлы сазгер, Вена классик мектебінің ірі қайраткері Вольфранг Амадей Моцарт (1756.27.1 Зальсбург 1971.5. 12, Вена) жарқын қабілет және күшті есте сақтау қабілет иесі болған. Музыкадан алғашқы сабақтарды әкесі Леопольд Моцарттан алады да көп өтпей клавишты асапаптардың шебер орындаушысы және шығармашы ретінде таныла бастайды.

Вольфранг Амадей Моцарт Зальсбург князь-архиепископ сарайында концертмейстр (1769-1777) және органшы (1779-1781), Австрия императоры Иосиф II сарайында музыкашы және сазгер (1786 жылдан) лауазымдарында істеген. Оның қаламынан туындаған 41 симфония мазмұнында Жозеф Гайдн шығармашылығында қалыптасқан сифония жанрының жаңа мазмұндармен байытылғанын көреміз. Сонымен қатар Моцарт опера жанрының дамуына да үлкен үлес қосқан шығармашы болып табылады. Бұл салада оның «Фигароның үйленуі» опера-комедиясы (1786), «Дон-Жуан» опера-драмасы (1787), «Сиқырлы сыбызғы» опера-ертегісі сияқты шығармаларының көркемдік мәні салмақты болған. Сондай-ақ Моцарт кантата, реквием, ішекті квартет,ән, түрлі саз аспаптар (скрипка, фортепиано, т.б.) үшін концерт, соната сияқты көптеген жанрларда құнды шығармалар шығарған. Вена классик мектебінің тағы да бір ірі қайраткері Людвиг ван Бетховен (1770.16.12 Бонн - 1827, Вена) де Моцарт сияқты музыкадан алғашқы сабақтарды әкесі Иоганн Бетховеннен алған. 1792 жылы Вена қаласына көшіріп келген соң, Жозеф Гайдннің ұстаздық етуімен композиция сырларын толық меңгереді. Сондай-ақ фортепиано орындаушысы және дирижер ретінде Венада абыройға ие болады. Бетховеннің сазгерлік шығармашылығында қаһармандық, бақытқа жету үшін табанды күресу, адамзаттың бақыты жолында қажет болса жанын пида ету идеялары шырқалады. Сазгер шығарған квартеттер, фортепиано мен скрипка үшін концерт пен сонаталар, «Фиделио» операсы, 9 симфония мен басқа көптеген шығармалары әлем музыка қазынасынан орын алған.

?! 1. Вена классикалық мектебінің қайраткерлерінен кімдерді білесің?

2. Олардың шығармашылығында қайсы саздық жанрлар дамыды?

3. «Юртга садоқат» əнін жатқа шырқа.
4. Вена мектебінің сазгерлерін айтып бер.
5. "Фиделио" операсы кімнің шығармашылығына тиісті?
6. Аяқталмай қалған «Реквием» кімнің шығармасы?

## 5-тақырып. XIX-XX ҒАСЫРДАҒЫ МУЗЫКА МƏДЕНИЕТІ, МУЗЫКАДАҒЫ ИМПРЕССИОНИЗМ

XIX ғасырға келіп Еуропа мемлекеттерінде сазгерлік шығармашылық кең қанат жайды, əлемге даңқы жайылған классикалық ұлттық мектептер (мысалы, орыс, поляк, чех, норвег, венгер, т.б.) жүзеге келді. Сонымен бірге сазгерлер шығармашылығында басқа өнер түрлеріндегі секілді түрлі шығармашылық ағымдар да қалыптасты. Атап айтқанда, XIX ғасырдың бас кезінде Еуропаның көптеген сазгерлерінің шығармашылығында романтизм көркемдік бағыты пайда болды.



**Ф. Шопен**



**Ф. Шуберт**



**Н. Паганини**



**Ф. Лист**

Француз тілінен алынған «романтизм» сөзі, кең мағынада, өнерпаздың өзі өмір сүрген ортаға қанағаттанбай, сондай-ақ арман еткен қияли болмысты бейнелеуге ұмтылуын білдіреді. Сондықтан көпшілік романтик сазгерлер шығармашылығында фантастикалық бейнелер, тәтті қиял тақырыптары орын алған. Бұл тұрғыдағы романтизмнің көркемдік тәсілі австрия сазгері Франц Шуберт, итальян сазгерлері Н.Паганини, Ж.Россини, поляк сазгері Ф.Шопен, неміс сазгерлері К.Вебер, Ф.Мендельсон, Р.Шуман, Р.Вагнер, венгер сазгері Ф.Лист, француз сазгері Г.Берлиоз шығармаларында айқын көрінеді.

Бұл сазгерлердің шығармашылығында романтикалық рухпен суарылған симфония, опера, баллада, ән және бағдарламалы күй жанрлары дамыды. Оларда халық тұрмысы мен табиғат көріністері, тұрмыстық және фантастикалық (қияли) бейнелер көркем бейнеленген.

*Ф.Шуберттің «Серенедасын» тыңда.*

**Орташа**




листь - я в позд - ний час,
листь - я в позд - ний час,
и ни - кто, о друг мой ми - лый,
не у-слы - шит нас, не у- слы - шит
1.
нас.
2.
ни. Дай же до - ступ их при-
зва - нью ты к ду - ше сво-
ей, и на тай - но-
е сви - да - нье




Сыншыл реализм өмірді өнерде ешқандай әсірелеусіз, сол күйінде көрсету, қоғамдағы әділетсіздіктерді аяусыз әшкерелеу, адамгершілік идеяларын көркем бейнелеу тәсілі болып табылады. Музыка өнерінде реализм қағидалары итальян сазгері Ж.Верди, француз сазгері Ж.Бизе, орыс сазгерлері М.Глинка, А.Даргомижский, М.Мусоргский, П.Чайковский, А.Бородин, Н.Римский-Корсаковтар шығармашылығында байқалады.



***М. Мусоргский***



***Ж. Верди***

# М.И. ГЛИНКА
# «КАМАРИНСКАЯ»



*М.И.Глинка*

Орыс классикалық музыкасының негізін салушы М.И.Глинка өзінен бай шығармашылық мұра қалдырды. Бұл рухани мұраның денін оның қаламынан туындаған «Иван Сусанин» және «Руслан және Людмила» опералары, симфониялық шығармалары, драмалық спектакльге музыка, фортепиано шығармалары, романс және әндері құрайды.

Сазгердің ең қомақты қызметі ол өз шығармашылығымен орыс классикалық сазгерлік мектебінің тарихи бағытын анықтап берді және сонымен бірге әлем классикалық музыкасының дамуына өз үлесін қосты. Сондықтан М.И.Глинка орыс симфониялық музыкасының негізін салушылардың бірі саналады. Бұған оның симфониялық оркестрге арнап жазған «Камаринская» фантазиясы айқын мысал бола алады. Бұл шығармада сазгер орыс халық әндерінен «Тойға тарту», «Биік таудың артында» және «Камаринская» лардың күйлерін шебер қолданып, алуан түрлі композиция жасауға қол жеткізді.

Шығарған күйлердің бірі «Биік таудың артында» тартымды және әуенді жазылған.

## СВАДЕБНАЯ (ТОЙҒА ТАРТУ)





Осы күйден өзгеше екінші тақырып әзіл мен қалжың және биге негізделген ойнақы «Камаринская» туындысы болып табылады.

## КАМАРИНСКАЯ



Шығарма барысында екі тақырып түрлі көріністе түрленіп, жаңа сипаттар пайда болады да соның нәтижесінде көрнекті шығарма дәрежесінде дамиды. Осы арада халық күйлері негізінде классикалық симфониялық туынды жасалуының куәсы боламыз. М.И.Глинканың симфониялық оркестрге арнап жазған «Камаринская» фантазиясы сазгердің «Музыканы халық жасайды, ал біз көркем өнер иелері оған тек қана өң береміз», — деген әйгілі сөзін тағы да бір рет қайталап тұрғандай.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Батыс Еуропа музыка өнерінде импрессионизм көркемдік ағым калыптаса бастады. Импрессионизм атауы французша «импрессион» сөзінен алынған «әсер» мағынасын білдіреді. Мұнда классицизм немесе романтизм көлденең қойған «өмір не өлім» мәселелері емес, сондай-ақ күнделікті тіршілік көріністері және олардан алынған алғашқы әсердің берілуі көркем бейнеленген.

Импрессионизм ағымы бастапқыда К.Моне, О.Ренсар, Е.Дега, К.Писсаро сияқты француз суретшілері шығармашылығында пайда болып, соңынан көркем әдебиет, театр қатарында музыка өнерінде де өзіне сай көрінді. Музыкалық импрессионизм ерекшеліктері француз сазгерлері — К.Дебюсси, М.Равел, итальян сазгерлері О.Респиги, А.Казелла, ағылшын сазгерлері Ф.Делуис, С.Скотт, тағы басқалардың шығармашылығында байқалады.

XX ғасырдың орта кезінде импрессионизм көркемдік ағымы жойылды.

△

## YOSHLIK QO‘SHIG‘I

*(Савти Муножот күйі)*

*Мухтар Ашрафи* қайта өңдеген




f
Sen a- bad vash - na gul-la jon o‘l-
kam. O‘l - ka - ki a - ziz.
u - lug‘- vor, ko‘r -kam, o‘l - ka - ki a -
ziz, u - lug‘ - vor, ko‘r-kam.
dolce
Jo -nim fi - do - dir sen- ga, di - yo-
rim, sen - san ha - yo - tim,
bax - tim, ba - ho - rim.
Sen -san ha- yo - tim, bax -tim, ba - ho-
rim. Qan-day go‘ -zal - dir




Qanday go'zaldir bu yoshlik, bahor,
Ko'nglimga mayin kuy yanglig' yoqar.

Sen abad yashna, gulla, jon o'lkam,
O'lkaki aziz, ulug'vor, ko'rkam.

Jonini fidodir, senga diyorim,
Sensan hayotim baxtim bahorim.

**Ф.Шуберттің «Серенеда» шығармасына талдау жаса.**

?!

1. Романтизм дегенде нені түсінесің?
2. Қайсы сазгерлердің шығармашылығы романтизм көркемдік бағытына жатады?
3. Импрессионизм дегенді қалай түсінесің?

## 6—7-тақырып. XX ҒАСЫР ӨЗБЕКСТАН МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІ ЖАЙЛЫ

XX ғасыр барысында Өзбекстан музыка мәдениетінде үлкен өзгерістер болды. Мұнда халық музыкасы, дәстүрлі кәсіптік музыка дамумен бірге көпдауысты музыкаға тиісті опера, симфония, балет, оратория, хор, соната, кино-

музыка, эстрада сынды жанрлар пайда бола бастағаны байқалады.

Сонымен қатар, Республикада музыка бойынша білім берудің еуропаша тәсіліне негізделген арнаулы оқу орындары, Ташкент Мемлекеттік консерваториясы ашылғандығы, сондай-ақ, музыкалы драма мен комедия, опера мен балет шығармаларын сахналастыруға арналған театр труппалары ұйымдастырылғанын көреміз.

Сонымен бірге көп ғасырлық тарихқа ие дәстүрлі сазгерлік майданында жаңа өзгерістер бақыланады, ал музыкалық шығармашылықтың жаңа «еуропаша» көрінісі болған сазгерлік саласы жедел қарқынмен қалыптаса бастайды.

**Сазгерлік шығармашылығы.** Өзбек музыкасының XX ғасырдағы дамуында сазгерлік шығармашылығы ерекше орын алады. Сазгерлер, әдетте, шебер музыкашы немесе жетік әнші болады, дәстүрлі музыка түрлеріне жататын өлең, ірі өлең, сувора, мақам, күй сықылды жанрларда шығармашылық еткен. Мұнда сазгерлер өздері шығарған туындылардың тұңғыш орындаушыдары ретінде де елге танылған. Бұған халқымыздың сүйікті өнерпаздары Қажы Абдулазиз Расулов, Молда Тойшы Ташмухамедов, Тохтасын Жалилов, Юнус Ражаби, Камилжан Жаббаров, Ғаныжан Ташматов, Мухамеджан Мирзаев, Фахриддин Садиқов сияқты сазгерлердің қызметі мысал болуы мүмкін. Сандай-ақ, олардың әрқайсысы дарынды шығармашы болумен бірге шебер орындаушылар да еді.

XX ғасыр аралығында өзбек сазгерлері ұлттық музыкамыздың жанрлар шеңберін жаңа үлгілерімен кеңейтуге де өз үлестерін қосты. Бұл тұрғыда, әсіресе, сазгер Тохтасын Жалиловтың (1896–1966) қызметі үлкен. Көптеген халықшыл күй, ән және жырлардың авторы болған Тохтасын Жалилов республикамызда музыкалы драма жанры қалыптасып, өркендеуіне үлкен үлес қосты. Солардың қатарында, атақты өнерпаз «Халима», «Гулсара», «Нурхан», «Тохир ва Зухра», «Равшан ва Зулхумор», «Алпомиш» сияқты сахналық шығармаларға ғажайып музыка үлгілерін шығарған.

*«Тоҳир ва Зуҳра» музыкалы драмасынан Тахир және Зухра дуэтін тыңда.*

## ҚАЖЫ АБДУЛАЗИЗ РАСУЛОВ



*Қажы Абдулазиз Расулов*

Самарқанттық әйгілі хафыз және сазгер, Өзбекстан халық әртісі Қажы Абдулазиз Расулов (1852—1936) танбур және дутар шерту және өлең айту жолдарын тиянақты игерген өнерпаз еді. Соның қатарында, ол танбурда мақам аспаптық күйлерін орындауды танбуршы — өнерпаз Қажы Рахымбердіден, ал өлең айту өнерін алдын танымал хафыз Барухтан, соңынан Бұхарада ұстаз-мақамшы Ата Жалал Насирдан үйренді.

Абдулазиз Расулов қасиетті Меккеи Мунавараға қажға барып, «қажы» атына ие болған еді. Қажы Абдулазиз Расуловтың орындаушылық өнерінің құрамында (репетуарында) 200-ден астам өлең мен аспаптық күйлер болған, мұнда хафыз өлең жолдарын Бұхара–Самарқант дәстүріне сәйкес өзбек және тәжік тілдерінде шырқаған. Сонымен бірге Қ.А.Расулов тек Бұхара—Самарқант музыка тәсілін ғана емес, сондай-ақ өзбек музыкасына жататын басқа жергілікті дәстүрлерді де шығармашылықпен меңгерген еді. Атап өтсек, Бұхара—Самарқант хафыздары мақам өлең жолдарын танбурда сүйемелдеп айтса, Қ.А.Расулов бұл орында дутарды да қолдана білген. Ал мақам орындауда дутарды қолдану Хорезм және Ферғана—Ташкент музыкалық тәсілдеріне көбірек тән.

Қ.А.Расулов Хорезм күйлерін, соның ішінде, дастаншылық жырларын да жақсы білген, олардан өз шығармашылығында орынды пайдаланған. Солардың қатарында, ұстаздың «Бозургоний» деп аталған өлең үлгісі Хорезм дастан күйлері негізінде, ал әйгілі «Гулузорим» өлеңі Ферғана–Ташкент «Эшвойи» негізінде шығарылған.

# ЮНУС РАЖАБИ



*Юнус Ражаби*

Зерделі сазгер, әнші және музыкашы, Өзбекстан халық әртісі, академик Юнус Ражаби (1897–1976) ұлттық саз өнері мәдениетіміздің дамуына үлкен үлес қосқан. Атақты өнерпаздың кемелдену жолындағы көтерілу басқыштары алғаш медреседе дәстүрлі білім алумен басталып, одан соң Түркістан Халық консерваториясы (1919—1923), Ташкент Жоғарғы музыка мектебінің дайындық курсы (1934) және Мәскеуде ұйымдастырылған сазгерлер курсында (1940—1941) өз жалғасын тапқан. Сонымен қатар классикалық үлгілерінен Ферғана—Ташкент мақам жолдарын атақты хафыздар Мирза Қасым, Шорахим Шоумаров және Молда Тойшы Ташмухамедовтардан жетік үйренді, Бұхара мақамдарын Қажы Абдулазиз Расулов, Домла Халим Ибадов сияқты шебер мақам орындаушылар ұстаздығында меңгерді.

Игерген терең білімі және дағдылық-шығармашылық тәжірибелерінің арқасында Юнус Ражаби Ферғана—Ташкент мақам жолдары, Шашмақам жинағы, ірі өлең, сазгерлік еңбектері, сондай-ақ халық сазгерлік шығармашылығының сирек кездесетін үлгілерін нотаға түсіріп, оларды бес томдық «Өзбек халық музыкасы» және алты томдық «Шашмақам» жинақтарында баспадан шығарды. Сонымен бірге Юнус Ражаби Өзбекстан радиосы қасында 1959 жылы «Мақам тобы» шығармашылық ұжымын құрып, өмірінің соңына дейін сол ұжымға көркемдік жетекшілік етті.

Юнус Ражаби сазгерлік саласында халықшыл тәсілді жақтаған өнер иесі болып табылады. Атап айтқанда, оның «Фабрика ялласы», «Бизнинг даврон», «Ўзбекистон», «Баҳор келди», «Ўйин баёти», «Ўйин дугоҳи», «Пахта», «Кошки», «Куйгай», «Раъноланмасин» сияқты өлең және би күйлері, шығармашылық ынтымақтастық нәтижесінде жаратылған «Фарҳод ва Ширин», «Муқанна», «Навоий Астрободда»

музыкалық драмалары және «Зайнаб ва Омон» операсында көп ғасырлық көркем дәстүрлер заман рухымен қайта жаңғырды.

*«Зайнаб ва Омон» операсынан Эргаш әнін тыңда.*




bo- tan - da - lar - dan par - cha, o'r - mon - lar - dan
yal -la -li bo- bo, yal - la. Ar-cha-yu, par- cha - yu
zan - ji - ru, an - ji - ru, shin - ni - yu, chin - ni - yu




## 8-тақырып. ӨЗБЕК МУЗЫКАСЫНДАҒЫ САЗГЕРЛІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Симфония, опера, балет, оратория, хор сияқты жанрларда шығармашылық ететін музыкашыларды «сазгер» (композитор) деп атайды. Сазгерлер өздері шығарған музыка үлгілерін, әдетте, бес сызықты нота жүйесі арқылы жазып алады және сол негізде олардың музыкалық туындылары орындалады да осылайша ұрпақтарға мұра боп қалады.

Бастапқыда Батыс Еуропада қалыптасқан сазгерлікке тән музыкалық жанрлар мен шығармашылық дәстүрлердің Өзбекстан мәдениетіне енуінде орыс өнерпаздарының қызметі үлкен болған. Бұл үдерісте сазгерлер халық музыка байлықтарына сүйене отырып музыкалық драма, опера, симфония, киномузыка, тағы басқа шығармалар жасауға тырысқан. Солардың ішінде, Виктор Успенский, Николай Миронов, Сергей Василенко, Алексей Козловский, Рейнгольд Глиэр, Георгий Мушел, тағы басқа орыс мәдеиеті қайраткерлері өздерінің Өзбекстанда шығарған туындыларында музыкалық фольклор үлгілерінен кең пайдаланған. Осы негізде, мәселен, В. Успенский симфониялық оркестрге арнап «Четыре мелодии народов Средней Азии» сюитасын, А.Козловский «Лола» сюитасы мен «Тановар» балетін, Р.Глиэр «Фарғона байрами» симфониялық

увертюрасын шығарған. Бұл жағдайды соңынан өзбек сазгерлері— Талибжан Садиқов, Мухтар Ашрафи, Мутал Бурханов, Дани Закиров, Сулайман Юдаков, Манас Левиев, Сайфи Жалил, Икрам Акбаров, Мирсадиқ Тажиев сынды өзбек сазгерлері шығармашылықпен жалғастырды.

Айта кету керек, бастапқы дәуірлерде музыкалық драма және әсіресе опера сияқты күрделі жанрларды меңгеруде сазгерлер шығармашылық ынтымақтастық та жасаған. Атап айтқанда, 1939 жылы сахналастырылған «Боран» деген тұңғыш өзбек операсы М.Ашрафи және С.Василенколардың ынтымақтасқан авторлығында, ал 1940 жылы сахна «жүзін» көрген «Лайли ва Мажнун» операсы Р.Глиэр мен Т.Садиқовтардың ынтымақтастығында жүзеге келген еді.

Өзбек сазгерлерінің музыкалық сахна жанрларын меңгеру саласында кейінгі жылдарда жүргізілген қызметтері айтарлықтай мол. Атап өтсек, М.Ашрафидің «Дилором», С.Юдаковтың «Майсаранинг иши», С.Бабаевтың «Ҳамза», И.Акбаровтың «Сўғд элининг қоплони», Р.Хамраевтың «Зулматдан зиё», С.Жалилдің «Зебунисо» операларында осындай нәтижелерді көруге болады.

*Өзбек сазгерлерінің шығармаларынан үлгілер тыңда.*

## YAKKADIR TOSHKENT

Өлеңін жазған *Усман Қочқар* | Әнін жазған *Диларам Амануллаева*




tar-man. Tosh- kent ev dis- tim . Tosh-kent-ning.
yak - ka - dir Tosh - kent

Ko'zlangan manzilim uzoqdir zotan,
Istiqlolga boqqan ko'zimsan, Toshkent.
Mening uygoq turgan yuragim - Vatan,
Vatanim yuragi o'zingsan - Toshkent.

Bir sayyoh singari dunyoni kezdim,
Poytaxtlarni ko'rdim dovrug'i doston.
Vatan qayda bo'lmay mehringni sezdim,
Mehring tortaverdi jon O'zbekiston.

## В.А. УСПЕНСКИЙ ТУРАЛЫ



*В.А.Успенский ва Ш.Умаров*

Орыс мәдениетінің әйгілі қайраткері, танымал музыка этнографы және дарынды шығармашысы Виктор Александрович Успенский (1879—1949) XX ғасыр Өзбекстан музыка өнерінің дамуына лайықты үлес қосты. Ол Санкт-Петербург консерваториясын бітіріп, 1917 жылы Ташкентке келген кезінен бастап өзбек халық және кәсіптік музыкасын мұқият үйренді және оларды нота арқылы жазып алуда атсалысты. Атап айтқанда, 1922 жылы В.А.Успенский мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, драматург және ғалым Абдурауф Фитраттың бастауымен классикалық Шашмақамды бұхаралық ұстаздар—хафыз Ата Жалал Насир және танбуршы Ата Ғияс Абдуғанилердің орындауында жазып алды. Сол нота жазулары 1924 жылы «Алты музыкалы нама (мақам)»[1] деген атпен басылды. Орындалған бұл еңбек нәтижелерін жоғары бағалаған профессор А.Фитрат өзінің разылығын былайша білдірген еді: «Көне мақамдарды жинау және жазып алу Сізге жүктелген еді. Сіз бұл міндетті шебер орындадыңыз және Шығыс музыкасын жинап, баспадан шығарып, мәңгі есте сақтау жұмысына өте үлкен үлес қосқаныңыз үшін алғысымызды қабыл еткейсіз. *А. Фитрат*»[2].

[1] «Шашмақам».

[2] *А.Ҳ.Жабборов*. Ўзбекистон бастакорлари ва мусиқашунослари. Тошкент. 2004. 361-бет.

В. А.Успенский, сондай-ақ, ташкенттік атақты хафыз Шорахым Шоумаровтан «Чоргоһ», «Баёт», «Шахнози Гулёр», «Дугох-Хусайн» сияқты Ферғана—Ташкент мақам өлең жолдарын да нота жазуларында көрсетуге қол жеткізген. Сонымен қатар, халықтың рухани тіршілігінің ажыралмас бөлігі болған музыкалы фольклорға үлкен мән берген. Бұл тұрғыда ол өз мақалаларының бірінде былай деп тән алады: «Халықтың музыкалық шығармашылығын жинау және зерттеу жұмыстары мәдениет тарихының негізгі міндеттерінің бірі боп табылады. Дегенмен, ән рухани өмірге өте жақын болғандықтан, халықтың ең қасиетті сезімдерін білдіреді, оның ішкі әлемі, көрінісі, сондай-ақ, тұрмыс салтын елестетеді».

В.А.Успенский Республикамыздың Хиуа, Бұхара, Самарқант, Қоқан, Әндіжан және Марғұлан қалаларына, сондай-ақ, көрші Түрікменстан және Тәжікстан Республикаларының бірнеше аудандарына музыкалық-этнографиялық экспедициялар ұйымдастырған. Бұл ғылыми-шығармашылық еңбек үдерісінде өте бай және құнды музыка үлгілері жинап алынған еді.

В.А. Успенский өзінің сазгерлік шығармашылығында мақам және халық күйлеріне негізделіп музыка туындыларын жазғаны нәтижелі болған. Атап айтқанда, ол «Четыре мелодии народов Средней Азии» деп аталған оркестр сюитасында ауған, қазақ және өзбек халық әуендерін шебер қолданған болса, оркестрдің орындауына арнап жазған «Дугох-Хусайн», «Поэма-рапсодия», «Лирикалық поэма», сондай-ақ «Фарход ва Ширин» музыкалық драмасында мақам жолдарына шығармашылықпен сүйенген.

?! 1. «Лола» сюитасы мен «Танавор» балетін қайсы сазгер жаратқан?

2. Өзбек сазгерлерін анықта:
А.Козловский, С.Василенко, Т.Садиқов, Ашрафи, Р.Глиэр, М.Бурханов, Д.Закиров.

3. Тұңғыш өзбек операсы қалай аталады?

4. «Майсаранинг иши» операсын кім жазған?

5. В.Успенский Өзбекстанда қандай жұмыстарды іске асырған?

6. «Яккадир Тошкент» әнінде қандай ой айтылып жатыр?

## 9-тақырып. МИРСАДИҚ ТАЖИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ӨЗБЕК СИМФОНИЯСЫНЫҢ ӨРКЕНДЕУІ


*Мирсадиқ Тажиев*

Өзбекстанда симфониялық музыканың қалыптасу және даму үдерісі «қарапайымдылықтан күрделілікке» қағидасы негізінде сатылай іске асты. Бастапқыда, 1920 жылдары өзбек халық күйлерін симфониялық оркестрге сәйкестендіру дағдысы қолданған болса, соңғы он жылдықтар (1930–1940) ішінде сюита, поэма, увертюра сияқты жанрларды сазгерлеріміз іс жүзінде меңгерді. Қол жеткізілген шығармашылық нәтижелер қазіргі күнде шынайы симфония жарату үшін де маңызды іргетас болды.

Өзбекстанда еңбек сіңірген өнер қайраткері, сазгер Мирсадиқ Тажиев (1944—1996) ұлттық симфония жазу жұмысына өз үлесін қосқан В.Успенский, А.Козловский, Г.Мушел, М.Ашрафи және басқа ата-бабаларымыздың «жолын» лайықты жалғастыруда және бұл салада жиналған көркемдік нәтижелерді жаңа дәрежеге көтеруде табысқа жетті. Сонымен қатар, М. Тажиев өз шығармашылығында Ю.Гайдннен тартып сонау Д. Шостаковичке дейінгі дәуір «классикалық симфония» жетістіктерін ұлттық музыка бойынша қайта талқылауға және оларды классикалық мақам заңдылықтарымен үйлестіруге қол жеткізді. Бұлардың нәтижесінің арқасында классикалық өзбек симфониясы жүзеге келді және оның даңқы ғаламға әйгілі болды. Атап айтқанда, М. Тажиев жалпы 19 симфония шығарған, солардан 3, 4, 5 және 8-симфониялары Қазақстан, Ресей, Болгария, Югославия, Австрия және тағы басқа шет ел мемлекеттерінде орындалған.

⦿ *М.Тажиевтың шығармаларынан үлгілер тыңда.*

## МАТНИЯЗ ЮСУПОВ



*Матнияз Юсупов*

Өзбекстанда еңбек сіңірген өнер қайраткері, сазгер, күйші және әнші Матнияз Юсупов (1925—1992) Хорезм мақамдарын ұстаз Матпано Ата Худайбергеновтен үйренді және бұл мақамдарды сақтауға үлкен үлес қосты. Ол Хорезм мақамдарын толық жинақ (яғни шертпе және жыр жолдары) түрінде бірінші болып бес сызықты нота жүйесінде жазып алды. Сонымен бірге, Матнияз Юсупов Хорезм халық өлең және «Суворалары», ән мен лапарлары, аспаптық күй мен халық музыкашылық шығармашылығы үлгілерін жинап, «Өзбек халық музыкасы» ноталар жинағының VII және IX томдарында басып шығарған еді.

Сазгерлік саласында бірнеше музыкалы драма және комедиялар, опера («Хорезм әні»), балет («Гулсанам»), сондай-ақ симфониялық музыка мен әндер («Шифокор қиз», «Дилим билан» және т.б.) шығарған. Ал әншілік бойынша Хорезм мақамдары, «Суворалары» және халық өлеңдерінің өзіне тән орындаушысы болған.

*CD немесе DVD таспаларынан пайдаланып М.Юсупов шығармаларынан үлгілер тыңда.*

### NAVRO‘Z QO‘SHIG‘I

*Сөзін жазған Назармат* *Әнін жазған Рустам Абдуллаев*




4 t.
1 t.
Se - pin yo-zib nav-ba - hor,


3
dan bosh - la-nar,
Nav-ro'z dil-
dan bosh - la-nar,
1 t.
Nav-ro'z gul-
dan bosh - la-nar,
Se-pin yo-zib
nav- ba - hor,
Ke - lin bo'-lar
gul di - yor.
Ke-lin bo'- lar
gul di - yor.
Ke - lin bo' - lar
gul di - yor.
3 t.

?!

## СӨЗЖҰМБАҚ




2. Жыр жанрларынан бірі.
3. Қол, аяқ және дене әрекеттеріне негізделген өнер түрі.
4. Өзбек ұлттық күй мен өлеңдерін жарататын шығармашы.
5. «Тангалик болалар» фильмінде орындалған әннің аты.
6. Әуен ұғымында білдіретін музыкалық атау.
7. ХХ ғасырда жүзеге келген өнер түрі.
8. Адам тамағында пайда болатын дыбыс.
9. Симфония, опера сияқты көп дауысты жанрларды шығарушы.
10. Күрделі сахналық музыкалы жанр.
11. Жырлардың қайталанатын шумағы.
12. Саз аспаптарының ұжымы.
13. Спектакльдердің орындалуына арналған ғимарат.

# IV ТОҚСАН

## ӨЗБЕКСТАННЫҢ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІ

### 1-тақырып. ЗАМАНАЛЫҚ ӨЗБЕК МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ

Қазіргі дәуір өзбек музыка мәдениеті көне және сан қырлы, сонымен бірге жаңа заман дәстүрлерін өзінде жинақтай отырып дамып келеді. Мұнда, ең алдымен, халық музыкасы, дәстүрлі классикалық музыка, сазгерлік шығармашылықтары мен бұқара эстрадалық әншілік бағыттары байқалады.

Өзбек халқының рухани сұлулығы ғасырлар аралап келе жатқан күй-әуендерінде өзінің ғажайып және қайталанбас көркем бейнесін тапқан. Дегенмен, ұлттық музыка көп ғасырлар барысында қалыптасқан ата-бабаларымыздың бай руханиятының үндердегі жанды көрінісі болып, бүгінгі күнде жаңа, ұлы мемлекет құрушысы болған халқымыздың рух қуаты және жан азығы болып қызмет етіп келеді. Сондықтан да Республикамызда ұлттық музыка құндылықтарымызды қайта қалпына келтіру және дамытуға бағытталған көптеген байқау-жарыстар және фестивальдардың өткізілуі жаңа дәстүрге айналып барады. Соның ішінде, бұл тұрғыда Әлди («Алла»), бақшы-ақын және мақамшы әншілердің байқау-жарыстары үнемі өткізіліп келе жатқандығын айту мүмкін.

Қазіргі күнде Ғаныжан Ташматов, Мухамеджан Мирзаев, Арифхан Хатамов, Фаттақхон Мамадалиев, Ғуламжан Хажиқулов, Салахиддин Тохтасинов, Абдухашим Исмаилов, Улмас Расулов сияқты жетік өнерпаздар шығармашылығында сазгерлік дәстүрлері жаңа сатыға көтерілді. Сондай-ақ, сазгерлік саласында Икрам Акбаров, Мирсадиқ Тажиев, Мустафа Бафаев, Мирхалил Махмудов, Фархад Алимов, Бахрулла Лутфуллаев, Хабибулла Рахимов, Рустам Абдуллаев және Надим Нархужаевтар өнімді еңбек етіп, көптеген музыка туындыларын тыңдаушыларға ұсынды.

*Өзбек симфониялық музыкаларынан тыңда.*

Қашқарша тәсілі.

Қашқарша деп аталатын соғу тәсілі 4/4 өлшемінде көрінеді, ырғақ құрылысы жағынан төмендегі көрініске ие:

Бұл тәсілдің дәстүрлі ауызша («бум-бак» буындарындағы) көрінісі төмендегідей:




Бум-ба-ка-бум-бак, бум.

Қашқарша тәсіл Соқийнамаға ұқсас өлшем-ритм жақтарымен биге бейім тәсіл боп саналады.

?! 1. Жаңа дәуір Өзбекстан музыка мәдениеті туралы не білесің?

2. Заманалық тәсілде шығармашылық жасаған сазгерлерден кімдерді білесің?

3. Қашқарша тәсілді анықта:



4. Қашқарша тәсілі 4/4 өлшемде оң қол әрекетімен дирижёрлік етіп, «бум-бак» буынында көрсет.

## 2—3-тақырып. АТАҚТЫ ӨЗБЕК ӨНЕРПАЗДАРЫ ЖӘНЕ МУЗЫКАЛЫҚ ҰЖЫМДАР

Өзбекстан өзінің мемлекеттік Тәуелсіздігіне жеткен күннен бастап оның музыка өнері дамуында үлкен өзгерістер бола бастады. Мұнда, ең алдымен, ұлы ата-бабаларымыздан асыл рухани мұра болып қалған классикалық музыка (мақам, жыр, ірі өлең, сувора, т.б.) шығармаларын халық арасына кең насихаттау жұмыстары өте маңызды орын алып келеді. Сөз жоқ, бұл сияқты шығармашылық жұмыстарды іске асыруда

атақты өнерпаз-орындаушылардың қызметтері шексіз. Солардың ішінде, қарт өнерпаздардан Өзбекстан халық әртісі Турғун Алиматов мақамдарда жинақталған рухани сұлулықты танбур мен сатода, ғижжак пен дутарда көркем «жандандырып» еліміздің алғысына бөленіп отыр. Өзбекстан халық әртістері Ғаныжан Ташматов, Ғуламжон Хажиқулов, Абдухашим Исмаилов, Улмас Расулов сықылды шебер музыкашылар да өздерінің ерекше ғижжак күйлері, өзіне тән орындаушылық сәнімен классикалық музыка және замандас сазгерлердің туындыларын өрнектеуге ие болды.

Сондай-ақ, Өзбекстан халық хафыздары — Арифхан Хатамов, Фаттақхан Мамадалиев, Ачилхан Атаханов, Мухамеджан Каримов, Қуандық Искандаров, Хасан Ражаби, Махмуд Тажибаев, Өзбекстан халық әртістері Атажан Худайшукуров, Мунажат Юлчиева және Мариям Саттаровалар мақамның өлең жолдарын, Еуропа және сазгерлер туындыларын көркемдеп орындауға қол жеткізді.

Қазіргі күнде классикалық мақам және халықтық музыка шығармашылығының үлгілерін тыңдаушыға мүлтіксіз толық жеткізуде Өзбекстан Телерадиокомпаниясы жанындағы Юнус Ражаби атындағы «Мақам» тобы, Улмас Саиджанов жетекшілігіндегі дәстүрлі тобы, Хорезм облыс телевидениясы қасындағы Хажихан Балтаев атындағы «Мақам» тобы, Өзтелерадиокомпаниясы қасындағы «Дутарчилар» тобы сияқты шығармашылық ұжымдардың да ерекше орны бар.

Сонымен бірге қазіргі дәуір Өзбекстан музыка өнерінде негізінен сазгерлік шығармашылық туындыларын жаңаша түрде орындауға бағытталған ұжымдардың қызметі де көзге түседі. Бұл тұрғыда, әсіресе, «Суғдиёна» халық аспаптық камер оркестрі, Өзбекстан ұлттық симфониялық оркестрі, Дани Закиров атындағы халық аспаптары оркестрі және Тухтасин Жалилов атындағы халық аспаптары оркестрінің концерт берулері үлкен маңызға ие болып отыр.



**Ачилхан Атаханов.**



**Арифхан Хатамов.**



**Турғун Алиматов**



**Улмас Расулов.**

*Сынып фонотекасында бар Турғун Алиматов, Арифхан Хатамов, Фаттақхан Мамадалиев орындаған шығармалардан үлгілер тыңда.*

**EY O'G'UL**

Сөзін жазған *Салоhи* Әнін жазған *Арыфхан Хатамов*




mf
mf
f
um-rim go'-zal
o't-sin,
de-sang,


Er-ta yot-gil, er -ta tur -gil, yot-ma tong ot-gan-
da ham.
Aq-li past, be - bah-ra-lar
il-mu hu-nar yuq-mas, si -ra Ib-ni
Si-no g‘or i- chin - da hik-mat o‘r-gat- gan-da ham.


ff
Ol-sa mard ol-sin bo-shing-ni,
mard-lar yo-ni - da bo‘l(ey), bor-ma no-mard
Ey Sa-lo - hiy, chek-ma ko‘p g‘am ba’-zi-
lar-haq-qin -da sen (ey), Boy be-rur be- bah-ra-lar
gav-har- ni uch-rat - gan-da-ham
f
Ey Sa-lo-hiy,


chek-ma ko‘p g‘am ba’-zi-lar haq - qin- da sen,
Boy be-rur be- bah - ra-lar gav - har-ni uch-rat-
mf
Ey o‘-g‘ul, had- ding- da tur,
mf
o- tang se- ni sot- gan -da ham
In-chu-nin mush-fiq o- nang - ni
mp
so‘z-la-ri bot-gan-da ham
In-chu-nin mush-fiq


o- nang - ni
so‘z- la-ri-yo
bot-gan - da ham.

**USTOZLARIM**

Өлеңін жазған *С.Уринов* Әнін жазіан *Х. Рахимов*




loq, tong-day ti- niq, ti-lak - la - ri,
yur-gan yo‘ - li man-gu por- loq.
Meh-ri-gi-yo, Us-toz-la - rim, So‘-zi zi-yo
3


Us-toz-la-rim.
A ...
A...
A...

Qaynoq qalbi misli chiroq,
Fikri tiniq – jo'shqin buloq,
Tongday tiniq tilaklari,
Yurgan yo'li mangu porloq.

Mehrigiyo, Ustozlarim,
So'zi ziyo Ustozlarim.

Pur ma'no bor so'zingizda,
Quyosh balqir yuzingizda.
Bashar Sizdan kamol topar,
Chechak unar izingizdan.

Mehrigiyo, Ustozlarim,
So'zi ziyo Ustozlarim.

Havas qilar Sizga lochin,
Ko'kka yozib keng qulochin.
Pok vijdonu imon ila,
Oqlayapsiz el ishonchin.

## «ДУТОРЧИ ҚИЗЛАР» ТОБЫ ТУРАЛЫ

1939 жылы Өзбек мемлекеттік филармониясы қасында «Дуторчи қиз-жувонлар» тобы ұйымдастырылды, оған халқымыздың сүйікті өнер иелері — Лутфиханым Сарымсақова көркемдік жетекші, Юнус Ражаби музыкалық жетекші және Гавхар Рахимова балетмейстрлік еткен. Топтың орындаушылық бағдарламасы «Ўзганча», «Танавор», «Хаккалака ўйнасам ман», «Ёргинам» сияқты өзбек халық күйі мен өлеңдері және сазгерлердің шығармаларынан құралған еді.

1979 жылы Өзбекстан радиосы мен теледидары қасында қайта ұйымдастырылған «Дуторчи қизлар» тобы Ғаныжан Ташматов басшылығында өз қызметін жалғастырған еді. Бүгінгі күнде Ғ.Ташматов атында жүргізіп жатқан осы топ Роза Каримова басшылығында өзбек халық лапар, ўлан мен яллалары және сазгер мен музыканттарының шығармаларын шамасына әбден жеткізіп орындап келеді. Әсіресе топ орындаған «Чаманнор», «Ёр-ёрахон-Гулёрахон», «Сим-сим оралаб», «Йўл бўлсин», «Ёр-ёр», «Совға», «Яло, яло, яло» сияқты жырлары халқымыз арасында әйгілі.

?!
1. Атақты өзбек өнер иелерінен кімдерді білесің?
2. «Устозларим» әнін нота дәптеріңе көшіріп ал және әннің өлеңін жаттап ал.

## 4-тақырып. ТЕАТР ӨНЕРІ ЖӘНЕ КОНЦЕРТ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Театр деген сөз грекше (театран) «тамашахана» деген мағынаны білдіреді. Театр әдебиет, музыка, сахна қимылы, би, бейнелеу өнері сияқты өнер түрлерін біріктіреді.

Бүгінгі күнде Отанымызда отыздан астам кәсіпқойлық театр қызмет атқарып келеді. Солардан музыка өнері айрықша жетекші мәнге ие болғандардың қатарында Әлішер Науаи атындағы Мемлекеттік академиялық Үлкен театры, Муқими атындағы Өзбек Мемлекеттік музыкалық театрын айту мүмкін. Солардын ішінде, Әлішер Науаи атындағы Мемлекеттік Академиялық Үлкен театрында негізінен опера және балет жанрларында шығарылған туындылар сахнада көрсетіледі. Қазіргі күнде осы театрдың шығармашылық ұжымынын

орындауында итальян сазгерлері Ж.Вердидің «Аида», «Травиата», «Риголетто», австрия сазгері В.А. Моцарттың «Фигароның үйленуі», «Дон Жуан», орыс сазгері П.И.Чайковскийдің «Евгений Онегин», «Пиковая дама» опералары және «Ұйқыдағы сұлу», «Аққу көлі», «Щелкунчик» балеттерін, өзбек сазгерлерінен М. Ашрафидің «Дилором», И.Акбаровтың «Соғды елінің қабыланы», М.Бафаевтың «Севги самоси» опералары, У Мусаевтың «Томарис», А. Эргашевтің «Хумо» балеті және көптеген шығармаларды сахна арқылы тыңдаушыға ұсынып отыр.



*М. Бафаев*

Мұқими атындағы өзбек Мемлекеттік музыкалық театрында негізінен өзбек сазгерлері– Т.Жалиловтың «Тохир ва Зухра», М.Махмудовтың «Тўйлар муборак», Ф.Алимовтың «Нодирабегим», «Суперқайнона», «Ўлдинг, азиз бўлдинг», Б.Лутфуллаевтың «Тақдир», «Алпомишнинг қайтиши» сияқты музыкалық драмалық шығармалары көрсетіледі.

Сондай-ақ, Ташкенттегі Музыкалық театр сахнасы оперетта және мюзикл жанрларындағы туындыларды көрсетуді болжамдап отыр.



*Анвар Эргашев*

Сонымен бірге, Отанымыздың Тәуелсіздік алған жаңа дәуірден бастап театрдың жаңа көріністері болып қалған алаң тамашалары жүзеге келді. Бұған Тәуелсіздік, Наурыз халық мерекелері және қалаларымыздың мерейтойларына байланысты ашық алаңдарда өткізіліп жатқан мерекелік тамашалар мысал болуы мүмкін.

◉ *«Ўлдинг, азиз бўлдинг» музыкалы драмасынан үлгілер тыңда.*

## MAVLON OTA QO‘SHIG‘I

*Сөзін жазған Нармурат Нарзуллаев* *Әнін жазған Фархад Алимов*




san (ey) (jon), sa- rob ro'- yo
1.
der- lar u - mr - ni,
2.
ni. Shod - lik, qay - g'u
e -kan yon - ma - yon. Bir be - da - vo
der - lar u - mr ni.
Ha - yot e - kan o' - zi charx -pa -lak,
Bir mu - am - mo der - lar u - mr - ni
Bu o - mo - nat dun - yo - da, do'st - lar,
Bir be - ba - ho der - lar u - mr - ni.


san (ey) jon, sa - rob ro‘ - yo
der- lar u - mr - ni.
san (ey) jon sa-rob ro‘ -yo
der- lar u - mr - ni.
Bir be - ba - ho der - lar u - mr -
ni.

## «БОЙСУН» ФОЛЬКЛОРЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТОБЫ

«Бойсун» фольклорлық-этнографиялық тобы[1] — Сұрхандария–Қашқадария облыстарында көне халық музыка дәстүрлерін жан-жақты зерттеп, оларды қайта қалыптастырып жатқан және сахна мәдениеті арқылы насихаттап келе жатқан шығармашылық ұжым. Атап айтқанда, топ қатысушылары диқандардың жыл маусымдарымен байланысты еңбек жырларын («Майда-ё, майда», «Янчиқ», «Хо, зан-зан», т.б.), маусымды-дәстүр әндерін («Навруз», «Лолажон», «Хей, лола», т.б.), түрлі мереке, серуен және ойын жырларын («Ким олади-я, шугинани-я», «Ха-ха-ха», «Келгин, ёр, ўйнайлик» т.б.) мейлінше ықыласпен әрі шеберлікпен орындайды.

### KIM OLADI-YA SHUGINANI-YA

**М.М ♩ = 116**

**Барлығы:**




[1] Бұл топ Сұрхандария облысы Байсын ауданының мәдениет үйі жанында ұйымдастырылған, алдын «Шалола» халық жыр және би тобы деп аталған.

**Барлығы:**




Диқаншылық еңбегінің басталуы көктем маусымына тура келеді. Бұл маусымда дәстүрлі «Наурыз» мерекесі және гүл-жауқазындардың өніп-өсуімен байланысты серуендер өткізіледі. Әсіресе, «Лола сайли»інде қыр-адырларға шығып серуендеп, құшақ-құшақ қызғалдақ терген және жастық, әсемдік және мейрам белгісі ретінде арнайы жырларда шырқалған. Осы дәстүр қазіргі күнде де жалғасын тауып отыр.



?! 1. Театр дегенді қалай ұғынасың?
2. «Мавлон ота қўшиғи» қайсы музыкалы драмада шырқалады?
3. Сазгер А.Эргашевтің қандай балетін білесің?
4. «Бойсун» фольклор-этнографиялық тобы қай облыста қызмет атқарады және қандай шығармаларды орындаған?
5. «Устозларим» әнінде қандай альтерация белгілері қолданылған және қайсы тональдыққа сәйкес.

## 5–6-тақырып. ТЕЛЕДИДАР ЖӘНЕ КИНО МУЗЫКАСЫ ТУРАЛЫ

Теледидар елімізге әртүрлі ақпараттарды хабарлап тұруымен бірге өнер түрлерін (музыка, бейнелеу өнері, поэзия, сәулеткерлік, т.б.) де кең тарату мүмкіндігіне ие. Әрине, бұл тұрғыда музыка өнерінің айрықша орны бар. Өйткені бүгінгі күнгі теледидарды, ондағы дерлік барлық көрсету бағдарламаларын музыкасыз ұғынып болмайды. Бұған Өзбекстан Телерадиокомпаниясы арқылы әр күні эфирге шығарылатын көрсетулер айқын дәлел бола алады.

Ал, музыкаға арналған арнаулы хабарлар алуан түрлі музыка үлгілерін кең көпшілікке хабарлап тұрумен қатар бұл көркемөнердің дамуына да әсер етеді. Мысалы, теледидар бағдарламаларында дүние жүзінің классикалық музыкасының таңдаулыларын, сондай-ақ, классикалық мақамдар, халық шығармашылығына жататын ән мен күйлерді көп есіткенсің, «Оханграбо» бағдарламасы арқылы атақты өнер қайраткерлерімен етене таныс болу мүмкіндігіне ие болғансың.

Қазіргі күнде бақшы-дастаншылар шығармашылығы, фольклорлық-этнографиялық топтардың ұдайы көрсетіліп тұруы да көрерменде үлкен қызығу оятады.

Сондай-ақ, теледидардың эстрадалық музыканың дамуына айтарлықтай ықпалы бар екендігін айту қажет. Бүгінгі таңда Өзбекстанда әйгілі барлық эстрада әншілері немесе топтары бейнеклиптердің көрсетілуі арқылы елімізге танылған десек артық кетпеген боламыз.



*Мирхалил Махмудов*

**Қадірлі оқушылар!**

Сендер теледидар бағдарламасында музыка қаншалықты маңызды екенін жақсы білген боларсыңдар, енді сол теледидар мен арнаулы тамаша залдарында көрсетілетін кино өнеріне де көңіл бөліңдер. Біздің білуімізше, бұрын және қазір жазылған көркем және деректі фильмдерді, сонымен қатар, өздерің сүйіп тамашалайтын мультфильмдерді де музыкасыз елестете алмаймыз. Ал бұл салада Өзбекстан сазгерлерінің әрбір кино үшін арнаулы шығарған музыка үлгілерінің маңызы үлкен. Мәселен, «Ўтган кунлар», «Тангалик болалар» көркем фильміне сазгер Мирхалил Махмудовтың мазмұнға бай күй мен әндері өзгеше өң береді. Сол сияқты ғажайып шақтарды «Үміт қарлығаштары», «Ғасырлардың жанды кемпірқосағы» деректі фильмдерінде, «Бұлбұл», «Даладағы гүлдер» және тағы басқа көптеген мультфильмдерде байқауға болады.

*«Тангалик болалар» фильмінен «Тулпор» әнін тыңда.*

## TULPOR

*Өлеңін жазған Усман Азим* *Әнін жазған Мирхалил Махмудов*

**Вальс ырғағымен**




Tul -por, tul-por,
Sha-mol, sha-mol, sha-mol, sha-mol, nov-da-ni e-gar,
Bu-lut, bu-lut, bu-lut, bu-lut bos-shim-ga te-gar.
Qir-g‘iy qa-no-tin yo-zar, qir-da aq-li-
dan o - zar. Men qir -lar - da yu- gur - sam
o- lam- ni sha- mol bo - sar.

△ **VATANGINAM**

*Сөзін жазған Полат Момын* *Әнін жазған Аваз Мансуров*

**Вальс ырғағымен**






| | |
|---|---|
| Manim uchun olamdayin<br>Kattaginam Vatanginam.<br>Oq sut bergan onamdayin,<br>Bittaginam Vatanginam. | Gul faslida ohorlarga<br>Aylanaqol, Vatanginam,<br>Qo‘shig‘imda ohanglarga<br>Aylanaqol, Vatanginam. |
| N a q a r o t:<br>Baxtimga tong – O‘zbekiston,<br>Baxtimga tong – O‘zbekiston,<br>Vatanginam, Vatanginam,<br>Vatanim... | N a q a r o t<br>Vujudimga gulday mehring<br>O‘ydingmi yo, Vatanginam?<br>Yuragimga butun mehring<br>Qo‘ydingmi yo,Vatanginam?<br>N a q a r o t |

*«Тангалик болалар» фильмінен «Тулпор» әнін тыңда.*

?! 1.Өзбекстан теледидары арқылы көрсетілетін қандай музыкалы хабарларды білесің?

2.«Ватангинам» әнін жаттап ал.

3. М.Махмудовтың қандай кино музыкаларын білесің?

4. «Бұлбұл», «Даладағы гүлдер» мультфильмдерінің музыкаларында нені сезінесің?

5. «Тулпор» әнін қайсы кинода және кім орындайды?

## 7-тақырып. ӨЗБЕКСТАН МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ ӘЛЕМ САХНАСЫНА КӨТЕРІЛУІ



*Суннат Ибрахимов*

Тәуелсіздік шарапатымен ұлттық-көркемдік құндылықтарымыз қайта қалыптасып жатыр. Отанымыз көрші және алыс шет мемлекеттермен жақын мәдени-музыкалық қатынастарды орната бастады. Енді өзбек музыка өнерінің дүние жүзі сахналарына көтеріліп жатқандығын мақтанышпен атап өтеміз. Бұған, атап айтқанда, Өзбекстан сазгерлері туындыларының ірі және беделді шетелдік орындаушы топтардың репертуарларынан орын алуы, жетік өнер қайраткерлеріміз — Турғун Алиматовтың АҚШ және Германияда, Абдухашим Исмаиловтың АҚШ, Франция, Германияда, Мунажат Юлчиеваның Францияда, Ұлттық симфониялық оркестрдің Түркияда, «Суғдиёна» өзбек халық аспаптық камерлік оркестрінің Испания, Германия, Голландия, Үндістанда, «Ялла» тобының АҚШ-та табысты концерт беруі айқын дәлел бола алады.

Сондай-ақ, халықаралық байқауларда табысты қатысып келген өзбек күйшілері мен әншілерінің де қызметтерін ерекше атап өткен жөн. Бұл тұрғыда халықаралық байқаулардың жеңімпазы болған пианиношылардан Ұлықбек Палванов, Наргиза Алиева, Гулнора Алимова, виоленчель орындаушылары Дилшод Назаров, Суннат Ибрахимов, әнші Анна Гузайрова сияқты жас өнерпаздардың есімдерін құрметпен атап өтеміз.

Қазіргі кезде Өзбекстанда халықаралық мәнге ие үлкен музыкалық іс-шаралар өтіп жатқандығын да атап өтуге тұрарлық. Атап айтқанда, Самарқант қаласында «Шарқ тароналари», ал Ташкентте Симфониялық музыка фестивальдарын өткізу дәстүрге айналып қалды.

## БІРЖАН САЛ ҚОЖАҒҰЛҰЛЫ

*(1834-1897)*



Біржан сал – ақын, әнші, сазгер. Ол қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Қожағұл құдығы деген жерде туған. Біржан – қазақ ән өнерін өз әндерімен байытып, жаңа белеске көтерген талантты сазгер.

Біржан салдың әндері өз заманының сан түрлі оқиғаларын, адамгершілік, ізгілік мәселелерін толғап, адам жанының нәзік сезімін әсем сазға бөлейді. Оның «Бурылтай», «Теміртас», «Жанбота», «Адасқақ», «Жонып алды», «Көкек», «Айтбай», «Біржан сал» сияқты әндері көп. Біржан әнші, сазгер әрі дарынды суырыпсалма ақын. Ақын Сарамен айтысқан. Оның өнерін Сара, Әсет, Доскей сынды ақындар жалғастырды.

## ЛӘЙЛІМ ШЫРАҚ

*Біржан*






Ләйлім шырақ дегенде, Ләйлім шырақ,
Таудан аққан құм қайрақ сен бір бұлақ.
Қайыс болсын, жіп болсын неге керек,
Шідерімнің бағасы – қырық қысырақ.

Өзіме бер шідерім тауып алсаң,
Өте қымбат бағасы тілге нансаң.
Жерде шіріп қалса да, өзіме бер,
Шыбын жаным қиылсын бітім алсам.

## SAMARQAND

Өлеңін жазған *Сафар Барноев* Әнін жазған *Хабибулло Рахимов*






Shaharlar sarvari Samarqand,
Ye yuzin sayqali Samarqand.
Bulbullar bog‘larin tark etmas,
Ko‘zim gavhari Samarqand.

Н а қ а р о т:
Tilda mashxur, dilda mashxur
Bog‘ shamoli.
Samarqand o‘zbek elining
Husni jamoli.

Yulduzli karvonga beshiksan,
Kunduzli armonga beshiksan,
Elim deb, yurtim deb? toblangan,
Yurt o‘g‘li Sarbonga beshiksan.

N a q a r o t:

Oqshomi, tonglari nurafshon,
Zar sochib oqadi Zarafshon.
Ko‘xna Sharq uyg‘onib, yo‘llaydi
Samarqand tomonga sharaf shon

N a q a r o t:

**Өз бетіңше оқы.**

## ТӘТТІМБЕТ

*(1815 — 1862)*



Тәттімбет Қазанғапұлы — Қазақстанның орталық, шығыс, оңтүстік өңірлеріне кеңінен танылған, шертпе күй өнеріндегі ең ірі, көрнекті күйші-сазгерлердің бірі.

Тәттімбет ұлы күйші болумен бірге, өз дәуірінің көзі ашық азаматы ретінде әлеуметтік өмірге өз көзқарасын білдіріп, музыка тілімен үн қатып отырған сазгер. Ол — замандастары: Жанақ, Шөже, Кемпірбай, Біржан сал, Жаяу Мұса, Жанай, Орынбай сияқты әнші-ақындармен, Тоқа, Ықылас, Итаяқ, Шашақ сияқты күйшілермен, Құнанбай, Алшынбай, Шыңғыс, Шорманның Мұсасы сияқты игі жақсылармен тығыз қарым-қатынаста болған кісі.

Тәттімбет күйлері бүгінгі күнге атақты күйші Әбікен Хасенов орындауында жетіп отыр.

Тәттімбеттің қазақ күй өнеріндегі шоқтығы биік: «Бес төре», «Былқылдақ», «Қосбасар» күйлерінің көптеген нұсқалары, «Қоянды», «Көкейкесті», «Майда сары», «Сары қамыс», «Сары өзен», «Сарыжайлау», «Сары атан», «Сылқылдақ», «Тепеңкөк», «Терісқақпай» сияқты тағы басқа көп күйлері ғасырлар бойына сан ұрпақтың таңдаулы рухани азығына айналып келеді.

## ҚОСБАСАР

*Тәттімбет*





## ДӘУЛЕТКЕРЕЙ

*(1820— 1887)*



Дәулеткерей Шығайұлы — қазақтың күйшілік өнерінде өзіндік үнімен, ерекше музыкалық тілімен танылған үлкен өнер иелерінің бірі. Дәулеткерей — қазақтың хандық дәуірінде билік еткен төре тұқымы. Алайда Дәулеткерей төрелік билікті емес, күйшілік өнерді өзіне мұрат тұтты. Ол өзінен бұрынғы Соқыр Есжан, Байжұма, Мүсірәлі тәрізді күйші-домбырашылар өнерін өнеге тұта отырып, күйшіліктің өзіндік жеке мектебін қалыптастырды.

Дәулеткерей күйлері Құрманғазы күйлерінен өзгеше. Оның күйлерінің дені адамның жабырқаған көңілін жұбатып, жан дүниесін жадыратататын, сезімін сергітетіндей сәулелі де, шуақты болып келеді. Ұлы күйші домбыраның үнімен, күй өнерінің құдірет-күшімен халық басындағы қайғы-қасірет бұлтын сейілтуді мақсат еткендей.

Айшықты әуендерімен ұлттық сипатта кестеленген Дәулеткерейдің «Байжұма», «Тартыс», «Бұлбұл», «Желдірме», «Жігер», «Көрұғлы», «Көркем ханым», «Қосалқа», «Құдаша», «Топан», «Қыз Ақжелең» және т.б. көптеген күйлері табиғаттың өзіндей сұлу да сыршыл, сезімтал да сергек.

## ЖІГЕР

*Дәулеткерей*

**Асықпай, ойлы**



**Соғдиёна камерлік оркестрі.**

«Соғдиёна» халық аспаптық камерлік оркестрі 1991 жылы түзілген, оның құрамы рубаб, рубаб прима, ғижжак, ғижжак бас, ғижжак контрабас, най, қоснай, қашқар рубабы, афған рубабы, дутар, дутар бас, чанг, қонун сияқты саз аспаптарынан құралған. Өзбекстанда еңбек сіңірген әртіс Феруза Абдурахимова жетекшілік етіп жатқан «Соғдиёна» камерлік оркестрінің репертуарында Өзбекстан сазгерлерінің шығармаларымен бірге дүние жүзі классикалық музыка үлгілері де орын алған.

Оркестр осы өткен жылдар ішінде тек Республикада ғана емес, сондай-ақ Германия, Франция, Түркия, Қазақстан, тағы басқа шет ел мемлекеттерінің концерт сахналарында өзбек аспаптық орындаушылық өнерін лайықты көрсетіп келеді.



?! 1.Халықаралық дәрежеде танылған қайсы Өзбекстан өнер иелерін білесің?

2.«Соғдиёна» халық аспаптық камерлік оркестрі құрамында қандай саз аспаптары бар?

3. «Самарқант» әнінің ладын анықта және бастапқы он тактын нота арқылы (сольфеджио) шырқа.

4.Қандай өзбек сазгерлерін білесің?

5.Қандай қазақ сазгерлерін білесің?

6.Біржан салдың қандай әндерін білесің?

7.«Ләйлім шырақ» әнін жатқа айт.

8.«Юртга садоқат» әнін жатқа айт.

## МУЗЫКАЛЫҚ СӨЗДІК

*Авж — (шарықтау шыңы)* аспан, көк, көтерілу және оның ең жоғары шыңы. Мақам аспаптық күй мен жырлардың жоғары пернелеріндегі ең дамыған дәрежесі.

*Жыр жолы —* Хорезм мақамдарында жырлар (өлеңдер) бөлімінің жалпы аты. Сондай-ақ бұл бөлім «манзум» деп те аталады.

*Баёт —* түркі тайпаларының бірінің, сондай-ақ белгілі мақам аты. Ферғана—Ташкент мақам бағыттары құрамында әрқайсысы бес бөлімнен тұратын «Баёт IV» және «Баёт — Шерози IV» жинақтары бар.

*Бақшы —* домбыра, қобыз немесе дутардың сүйемелдеуімен дастандар орындаушы, сондай-ақ жаңа дастандар шығарушы.

*Бозгўй —* мақам аспапты күйлерінде (Тасниф, Таржи, Гардун, Мухаммас, Сақил) өзгермей қайталанатын күй құрылымы.

*Бузрук —* үлкен, ұлы, даңқты. Шашмақам жүйесіндегі бірінші мақамның аты.

*Буламан —* тұт ағашынан жасалған сырнай пішінді үрлеме аспап. Көлемі сырнайдан кішкене, дыбыс шығаратын үрлемесі сыбызғынікіне ұқсас, яғни үрлейтін түтікшесінде қамыстан істелген шағын тілі бар. Буламанда саусақтармен басуға арналған сегіз тесігі бар.

*Даромад —* жолдың басталуы. Мақам жыр жолдарында (Сарахбор, Талқин, Наср, т.б.) айту жолдарында өлеңнің басталу (хафыз жырлауды бастаған) бөлімі.

*Дугох —* екі орын, екі жай, екі перне. Көне заманда екі перне (дыбыс) негізінде орындалған күйдің аты. Кейінірек (Орта ғасырларда) дамытылып, кең тынысты күй түріне

айналды. Шашмақам жүйесіндегі төртінші мақамның аты.

*Дунаср* — мақамдарда бастапқы күйдің немесе жыр құрылымының (бөлігінің) жоғары (әдетте, бір октава жоғары) пернелерде қайталануы.

*Домбыра* — өрік, тұт немесе шырша ағашынан ойып жасалған екі ішекті шертпе аспап. Ол дутардан өзіне тән «булыққан» дыбысы, мойнының біршама қысқалығы және мойнында байлаған пернелері жоқтығымен өзгешеленеді.

*Фольклор* — ағылшын тілінен алынған, мұнда фольк *(folk)* — халық, лор *(lore)* — данышпандық, білімпаздықты аңғартады. Бұдан «халық данышпандығы» мағынасы туады. Фольклор атауы «халық ауызша шығармасы», ал «музыкалық фольклор» сөзі «халық музыкасы» орнында да пайдаланылады.

*Гулёр-Шахноз* — бес бөлімді әйгілі Ферғана–Ташкент мақам жырлау бағыты. 1-бөлімі Гулёр, 2-бөлімі Шахноз, 3-бөлімі Чапандози Гулёр, 4-бөлімі Ушшоқ және 5-бөлімі Қашқарчаи Ушшоқ деп аталады.

*Ирақ* — Арабстандағы белгілі мемлекеттің аты. «Ұзақ», «Алыс жол» деген мағыналарын да білдіреді. Шашмақам жүйесіндегі алтыншы мақамның аты.

*Мажор* — (*лат,* үлкен), тұрақты дыбыстарының (I, III және V сатылары) қосындысы, үлкен (яғни мажорлы) үшдыбыстылықты туғызатын жинақ.

*Мансур* — Хорезм мақамдарында аспаптық күйлер бөлімінің жалпы атауы. Сонымен қатар бұл бөлім «шерту жолы» деп те аталады.

*Манзум —* Хорезм мақамдарын жырлау бөлімінің жалпы атауы. Сонымен бірге бұл бөлім «жыр жолы» деп те айтылады.

*Минор —* (*лат.* кіші) тұрақты дыбыстардың (I, III және V сатылардың) қосындысы кіші (яғни минорлы) үшдыбыстылықты туғызатын жинақ. Минордың мажордан өзгешелігі, ол көбінше мұңды жағдайларды көрсетуге бейімді

*Мырзадәулет —* XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында Ферғанада өмір сүріп, қызмет атқарған Мырзадәулет есімді сазгердің шығармашылығына тиісті екі бөлімді аспаптық күй. Ел арасында әйгілі бұл күй негізінде әндер де айтылған.

*Миёнхат —* мақам жыр жолдарында өлеңнің орта перделерінде (әдетте, даромадқа қарағанда кварта-квинта жоғарылығында) орындалатын бөлегі, құрылымы.

*Мушкилот —* қиыншылықтар. Шашмақам аспаптық күйлері бөлімінің жалпы аты.

*Наво —* күй, мұңды әуен. Шашмақам жүйесіндегі үшінші мақамның аты.

*Наср —* көмек, жеңіс, табыс (проза). Шашмақам жыр жолдары бөлімінің жалпы аты.

*Нақш —* әшекей, белгілі жыр (өлең) түрінің атауы. Хорезм мақамдарының «манзум» бөлімі құрамынан орын алған.

*Пешрав —* алға ұмтылушы; көтеруге әрекеттенетін әуендер негізінде жаратылған белгілі бір күй түрі. Хорезм мақамдарының «мансур» (шерту жолы) бөлімдерінде кең қолданылатын аспаптық күйдің атауы.

*Қобыз —* ішекті-ысқышты аспап. Оның ағаш

мойны, ойық шанағы және екі ішегі болады. Ол ысқышпен ойналады.

*Қоснай — (құшнай)* — екі қамыс найдың өзара бір-бірімен байлануынан құралған үрлеме аспап. Найлардың бір жағынан дыбыс шығару үшін шағын тілдер жонылған болады да олардың әрқайсысында алтаудан немесе жетеуден тесік болады. Әдетте, қоснайда ойнайтын кәсіби музыканттар (қоснайшылар) «қайтарма тыныс» тәсілін кең қолданады.

*Рост —* дұрыс, шын, ақиқат. Шашмақам құрамындағы екінші мақамның аты.

*Сарахбор —* басты хабар, басты тақырып. Тарона (I —IV, I —VI). Шашмақамның басты жыр жолы.

*Сарбозча —* (*пар.-тәж.*) басты ойыншы, өзін пида етуші деген мағыналарды білдіреді. Сарбаздар Түркістан хандықтарындағы әскери бөлімдердің әскерлері болған. «Сарбозча» күйі сол әскерлердің жауынгерлік рухын, батыл адымын көркем бейнелейді.

*Сато —* ішекті ысқышты аспап (сыртқы көрінісі танбурға ұқсайды). Сатода негізінен ырғағы салмақты классикалық үлгілер орындалады. Музыка дағдысында кейде танбурды сато орнында, яғни ысқышпен ойнау сәті де кездеседі. Сатоның үш немесе төрт негізгі ішектері болады. Олардың астынан тартылған және аспаптың бүйір құлақтарына байланған жаңғырық үн шығаратын 8-11 ішегі бар.

*Сегох —* үш орын, үш жай, үш перне. Ертеде үш перне (дыбыс) негізінде құрылған күйдің аты. Орта ғасыр кәсіптік музыка дағдысында дамытылған және кең тынысты күй түріне келтірілген. Шашмақам жүйесіндегі бесінші мақамның аты.

*Сыбызғы —* кәдімгі қамыстан жасалған үрлеме аспап, ұзынынан ұстап ойналады. Үрлейтін жағы «тілше» кесілген болады, алдыңғы жағында саусақтармен басуға арналған үш тесігі бар.

*Симфония —* *(грекше)* — «әуендестік» мағынасын білдіреді. Симфониялық оркестрге арналған музыка туындысы. Әдетте 4 бөлімнен құралатын жинақты шығарма. Сондай-ақ, кейде көбірек (5) және кемірек (1 ге дейін) бөлімді симфониялар да кездеседі.

*Сувора —* салт атты; Хорезм мақамдарының «Манзум» бөлімінінен орын алған белгілі жырдың аты. Ұстаздардың айтуынша, «Сувора» ат тұяғынан пайда болатын түрлі ырғақты құрылымды және соларға негізделген әндер болып табылады.

*Сюита —* «кезектілік», «бір қатарлық» мағынасын білдіреді. Еуропа өнерінде қалыптасқан көп бөлімді аспаптық музыканың негізгі түрлерінің бірі. Ортақ идеямен байланысқан, бірақ дербес және өзара өзгешелігі бар бірнеше бөлімдерден құралған.

*Талқин —* (арабша) кеңес-насихат, түсіндіру, нұсқау беру. Мақамның негізгі жыр жолдарынан.

*Танбур —* ішекті-шертпелі аспап. Нәк сияқты ойық кесесі және оған ұласқан ұзын мойны тұт ағашынан жасалады. Мойнында 16-ға жуық байланған пернесі бар, кесе қақпағына 4 таяқша (хас) перне желімденген. Ішектердің саны үшеуден алтауға дейін болуы мүмкін. Қазіргі дәуірде үш-төрт сымды (ішекті) танбурлар іс жүзінде жиірек қолданылады.

*Танбур сызығы —* XIX ғасырда Камил Хорезми ашқан өзіне тән «нота жазуының» аты. Онда танбур аспабының пернелеріне сәйкес 18 параллель сызықтар болады, дыбыстар нүктелер арқылы белгіленген.

*Тарона —* ән, өлең деген мағынаны білдіреді. Мақамдарда жыр жолдары (Сарахбор, Тани мақам, Талқин, Наср, т.б.) арасында қолданылатын және бір жырдан екінші негізгі жырға өтуде жалғастырушы «міндетін атқаратын» қолайлы түрдегі өлең. Көбінесе рубаилармен бірге айтылады.

*Хат —* мақам жыр жолдарында өлеңнің бір байт (екі қайтарып) өлеңмен айтылатын күй құрылымы, бөлегі.

*Хона —* үй, біршама түгел түрдегі күй құрылымы (хонаси). Бозгуйден айырмасы, хонаның құбылмалы қасиеті бар, ол өз шыңына қарай өрлеуінде үлкен рөл ойнайды.

*Он екі мақам — (дувоздаһ мақам)* XIII-XVII ғасырда Шығыс музыка дағдысында әйгілі мақамдар жүйесі: Ушшоқ, Наво, Бусалик, Рост, Хусайни, Хижоз, Рахови, Зангула, Ирок, Исфахон, Зирафканд, Бузург (Бузрук). Он екі мақамның күй, перне және дац тәсіл негіздері Шашмақам, Хорезм мақамдары, Ферғана–Ташкент мақам бағыттары секілді мақам түрлерінің пайда болуында маңызды орын алған.

*Шашмақам —* 1. Әрқайсысының өз аты бар алты түрлі толық пернелер жинағы: Бузрук, Рост, Наво, Дугох, Сегох, Ирақ.
2. Алты толық пернелер жинағы және белгілі даң тәсілдерінің бірлігі негізінде шығарылған аспаптық күй мен жырлар (өлеңдер) жинағы (кешені).

*«Шадияна» —* көне заманнан той, думан, серуен және басқа халық мерекелерінде дацғыра мен сырнайда орындалатын 12 бөлімді күйдің аты. Шадияна жинағының әрбір бөлімі ерекше ырғақ құрылымды соқпа тәсіліне ие, олар кейде жеке дацғырада ойналады.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе ..........................................................................................3
Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны..........................4



### I ТОҚСАН
### ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ТӘСІЛДЕРІ

1-тақырып. Сұрхандария–Қашқадария музыкалық тәсілі туралы түсінік..............................................6
2-тақырып. Бұхара–Самарқант музыкалық тәсілі туралы түсінік ......13
3-тақырып. Музыканттық өнер..............................................18
4-тақырып.Ферғана–Ташкент музыкалық тәсілі туралы түсінік..................................................24
5-тақырып. Ірі өлең және ялләшілік өнері..............................29
6-тақырып. Хорезм музыкасы тәсілі туралы түсінік......................34
7-тақырып.. Хорезмнің дастаншылық дәстүрлері........................39
8-тақырып. .Хорезмнің өлеңшілік өнері....................................45



### II ТОҚСАН
### МАҚАМДАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

1-тақырып. Мақам туралы түсінік. Шашмақам...............................47
2– 3-тақырып. Шашмақамның аспаптық (мушкилот) және өлең (наср) бөлімі.............................................. ..........52
4-тақырып.Хорезм мақамдары....................................................62
5-тақырып. Хорезм мақамдарынын жырлау жолы..........................66
6-тақырып. Ферғана–Ташкент мақам жолдары..............................69



### III ТОҚСАН
### ӨЗБЕК МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ ӘЛЕМ МУЗЫКА ӨНЕРІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

1-тақырып. Әлем музыка мәдениеті жайында ..............................81
2-тақырып. Шығыс ғұламалары музыка туралы.............................84
3-тақырып. Әлем музыкасы дамуының негізгі сатылары.................86
4-тақырып.Вена классикалық мектебінің қайраткерлері.................89
5-тақырып. XIX–XX ғасырдағы музыка мәдениеті, музыкадағы импрессионизм.......................................93
6–7-тақырып. XX ғасыр Өзбекстан музыка мәдениеті жайлы............102
8-тақырып. Өзбек музыкасындағы сазгерлік шығармашылығы.........108
9-тақырып. Мирсадиқ Тажиев шығармашылығында өзбек симфониясының өркендеуі..........................113

## IV ТОҚСАН

## ӨЗБЕКСТАННЫҢ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІ

1-тақырып. Заманалық өзбек музыка мәдениеті туралы..................118
2–3-тақырып. Атақты өзбек өнерпаздары
және музыкалық ұжымдар.........................................119
4-тақырып. Театр өнері және концерт орындаушылық қызметі........132
5–6-тақырып. Теледидар және кино музыкасы туралы....................139
7-тақырып. Өзбекстан музыка өнерінің әлем
сахнасына көтерілуі....................................................144

**Oqilxon Ibrohimov, Qurbonniyoz Panjiyev,
Jamil Sadirov**

**MUSIQA**

**7-sinf uchun darslik**
(Qozoq tilida)

Қайта өңделген және толықтырылған басылымы

Аударған *К.Мамбетова*
Редактор *К. Дуйсскулқизи*
Көркемдеуші редактор *Ш.Мирфаязов*
Техникалық редактор *Е.Корягина*
Компьютерде беттеген *У. Валижонова*

Баспа лицензиясы AI № 290. 04.11.2016.
2017 жылы Басу¬а рх̅ұсат етілді. Пішімі 60х90 $^{1}/_{16}$.
Таймс гарнитура. Офсеттік баспа. 10,0 шартты баспа табақ.
11,5 есепті баспа табағы. Таралымы 1372. Келісім 53-2008.
Тапсырыс

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің
Ғафур Ғулам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі.
100128. Ташкент. Лабзак көшесі, 86.

**Біздің интернет мекен-жайымыз: www.gglit.uz**
**e-mail: info@gglit.uz**